

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ


№ 79 (9656) 1955 жылғы 22 апрель Жұма Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Владимир Ильич ЛЕНИННІҢ туғанына бүгін—85 жыл Ленинизмнің жеңімпаз идеялары мәңгі жасайды!

И. СТАЛИН

### Ленин туралы

Кремль курсанттарының мәжлісінде 1924 жылы 28 январьда сөйлеген сөзінен



#### Логика күші

Лениннің сол конференцияда: кәзіргі шақ туралы және аграрлық мәселе туралы сөйлеген екі сөзі өте тамаша еді. Ол сөздер, амал не, сақталмапты. Ол бұл конференцияны рухтандырып, таң-тамаша қалдырған сөздер еді. Сендіру күшінің ерекшелігі, дәлелдердің әрі қарапайым, әрі айқындығы, сөйлемдердің әрі қысқа, әрі жұрттың бәріне ұғымдылығы, құлшыртудың жоқтығы, бас айналғанша құлшына қол сермеудің жоқтығы және күр сыртқа ғана әсер ететін сулу сөйлемдердің болмауы,—міне осының бәрі Лениннің сөзін кәдімгі «парламент» шешендерінің сөзінен артық етіп айырып тұратын.

Бірақ сонда мені билеп алған—Ленин сөздерінің бұл жағы емес еді. Мені билеп алған—Ленин сөздеріндегі жеңістік бермейтін логика күші еді: бұл логика күші біреуіне құрақтау, бірақ оның есесіне тыңдаушыларды әбден менгеріп, бірте-бірте электрлендіріп, сонсың, былайша айтқанда, түгін қалдырмай, тегіс билеп алады. Әлі есімде, сонда делегаттардың көбі былай деген еді: «Ленин сөздеріндегі логика бейне бір күдіретті қысқаш тәрізді, ол сені жан-жағынан қысып қоршап алады да, оның құшағынан шығуға шамаң жоқ: не көшесің, не мүрттай ұшуға бел байлайсың» деген еді.

Менің ойымша, Ленин сөздеріндегі бұл өзгешелік—оның шешендік өнерінің ең күшті жағы.

#### Қыңжылмаушылық

Мен екінші рет Ленинді 1906 жылы партиямыздың Стокгольмдегі съезінде кездестірдім. Бұл съезде большевиктер азшылық болып шығып, жеңіліп қалғаны мәлім. Мен сонда Ленинді жеңілген кісінің күйінде бірінші рет көрдім. Жеңіліс қыңжылып, еңсесі түсетін көсемдерге ешбір ұсамайтын. Қайта жеңілу Ленинге

#### Принципшілдік

Партия көсемдері өз партиясының көпшілігінің пікірін қадірлемей тұра алмайды. Көпшілік дегеніміз—күш; көсем ол күшпен санаспай тұра алмайды. Ленин мұны партияның басқа басшыларынан көм ұққан жоқ. Бірақ Ленин ешуақытта, әсіресе көпшіліктің табан тірейтін принциптік негізі жоқ кезде, көпшіліктің күлы болған емес. Партиямыздың тарихын да көпшіліктің пікірі не партияның минуттік мүдделері пролетариаттың түпкі мүдделеріне қайшы келген кездер болған. Мұндайда Ленин, ойланбай-ақ, партияның көпшілігіне қарсы принципшілдік жағына шықты. Ол олма,—мұндайда ол,—өзінің жиі айтатынындай,—«принципті саясат—бірден-бір дұрыс саясат» екеніне сүйеніп, жалғыз өзі жұрттың бәріне қарсы шығудан қаймыққан емес.

«Принципті саясат—бірден-бір дұрыс саясат»,—Лениннің, пролетариаттың таңдаулы әлеуметтерін революциялық марксизм жағына тарта отырып, «жан бата алмаған» жаңа позицияларды батылы жетіп алуына жәрдем берген формула осы.

#### Бұқараға сену

Халықтардың тарихын білетін, революциялардың тарихын басынан аяғына дейін тексеріп өткен партия теоретиктері мен көсемдерінің кейде бір келіспей тұратын ауруы болады. Бұл аурудың аты—бұқарадан қорқу, бұқараның творчестволық күшіне сенбеу. Осының салдарынан, революция тарихында ысылмаған болса да, ескіні қырғатып, жаңаны құратын бұқараға көсемдердің кейбір уақытта бір түрлі аристократтық жасауы туады. Стихияның асқынып кетуі мүмкін, бұқараның «көп нәрсені бүлдіріп тастауы» мүмкін деп қорқу, бұқараны кітаптан үйретуге тырысатын, бірақ бұқарадан үйренгісі жетпейтін қажыр аңаның ролін атқаруды тілеу,—жаңағы айтылған аристократизмнің негізі міне осылар.

Жолдастар! Маған сіздерде Ленинді еске түсіру мәжлісі болып жатыр деп еді, ал мен мәжліске баяндамашылардың бірі болып шақырылған екем. Меніңше, Лениннің ісі туралы түйдекті толық баяндама жасаудың қажеті жоқ. Менің ойымша, Лениннің адамдық және көсемдік өзгешеліктерінің кейбіреуін көрсететін біреуіне фактыларды білдірумен қанағаттану тәуір болар еді. Бұл фактылардың арасында ішкі байланыс болмауы да мүмкін, бірақ бұл байланыстың болмауы Ленин туралы жалпы ұғым алу үшін шешуші маңызы бар нәрсе емес. Қалай да, бұл арада сіздерге жоғарыда уәде еткенімнен артық нәрсе беруге мүмкіншілігім жоқ.

#### Тау қыраны

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1903 жылы таныстым. Рас, бұл танысу көзбе көз танысу емес, сырттан, хат арқылы танысу еді. Бірақ бұл танысу менің ойымда өшпес із қалдырды, мен партияда жұмыс істегелі бұл ешбір есімнен кеткен жоқ. Ол кезде мен Сибирьде, айдауда жүр едім. Лениннің 90 жылдардың аяғынан бергі, әсіресе 1901 жылдан кейінгі, «Искра» шыққаннан кейінгі, революциялық істерімен танысу маған—Ленин кәдімгі жай адам емес деген сенім турғызды. Онда Ленин менің көз алдыма партияның жай басшысы болып көрінген жоқ, ол партияны нағыз жасаушы болып көрінді, өйткені партиямыздың ішкі мәні мен жедел тілектерін бір Ленин ғана ұға білді. Ленинді партиямыздың басқа басшыларымен салыстырғанда, маған ылғый: Лениннің үзегі-лестері—Илеханов, Мартов, Аксельрод және басқалар—Лениннен көп төмен тұрғандығы көрінді, олармен салыстырғанда Ленин басшылардың жай бірі ғана емес, ұлы сыйпатты басшы, күресте қорқуды білмейтін, партияны орыс революциялық қозғалысының соңы жолдарымен алға ба-



ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ ЛЕНИН

# ЛЕНИНИЗМ ТУУ АСТЫНДА

Совет Одағының Коммунистік партиясының негізін данышпандықпен қалаушы, Советтік Социалистік Республикамыздың ірге тасын салушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі әрі ұстазы Владимир Ильич Лениннің туғанына бүгін 85 жыл толды.

В. И. Лениннің есімі партиямыздың, совет халқының барлық тарихи жеңістерімен тығыз байланысты. Лениннің есімі бүкіл дүние жүзі халықтарының бейбітшілік, демократия және социализм ісі үшін күресінің туына айналып отыр.

Пролетар революциясының данышпаны В. И. Ленин пролетариаттың тап күресінің жағдайында Маркстің ілімін творчестволықпен ілгері дамытты, бұл ілімді жана тәжірибелермен молықтырды.

Ленинизм жұмысшы табын және оның партиясын социалистік революцияның теориясымен және тактикасымен қаруландырды, пролетар революциясы жеңген елде социализм құрудың жолдары мен мүмкіншіліктерін көрсетіп берді. Ленин марксизмнің тарихында тұңғыш рет пролетариаттың басшы ұйымы ретінде партия жөніндегі ілімді негіздеді. Біз, деп жазды Ленин, партиямызды заманмыздың ақылы, абройы, ожданы деп білеміз. Интернационалистердің халықаралық одағын біз жұмысшы табының азаттық қозғалысының бірден-бір кепілі деп білеміз.

В. И. Ленин партиямыз бен халқымызға Россияны экономика жағынан артқа қалған мешеге елден алдыңғы қатарлы, қуатты социалистік елге айналдыру программасын көрсетіп берді. Бұл программа елді социалистік жолмен индустриаландырды, ауыр өнеркәсіпті үздіксіз дамытуды, бүкіл халық шаруашылығын электрлендіруді, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен коллективтендіруді және басқаларын көздеді.

Коммунистік партиямыз бастаған бүкіл совет халқы лениндік программаны жүзеге асырды, тарихта тұңғыш рет жана қоғамды — социализмді орнатты. Сөйтіп, социалистік құрылыс жолдарына қуатты, техникамен қаруланған ауыр өнеркәсіп жасалды. Деревьяда колхоз құры-

лысы біржолата және түпкілікті жеңіп шығып, нығайды.

Кемелер көсеміміздің еңбектерінде коммунистік қоғам орнатуға байланысты мәселелер туралы түйінді нұсқаулар бар. Социализмнен коммунизмге өту ісіндегі басты мәселені Ленин өндіргіш күштерімізді үздіксіз дамыту деп білді, сонымен бірге ол социализмнің материалдық-техникалық базасын жетілдіре беруді және еңбек өнімділігін үздіксіз арттырып отыруды талап етті.

Партиямыз бен үкметіміздің соңғы жылдары жүзеге асырып жатқан шаралары, міне, ұлы көсемнің осы нұсқауларын жүзеге асыру мақсатын көздейді.

СССР Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь және январь Пленумдарында ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете берудің программасы белгіленді. Ұлы Ленин нұсқаулары негізінде партия бүкіл халық шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың, Отанымыздың мызғымайтын қорғанымызды арттыра берудің кепілі ауыр индустрия болып табылатынын ерекше көрсетіп отыр. Бұл шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру үшін партия ұйымдарының барлық ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін жоғары көтеру қажет. Бұл—Лениннің ұйымдастыру мәселесі жөніндегі нұсқауы, әсіресе оның кадрларды дұрыс іріктеп алу және қаулылардың орындалуын бақылауды жолға қою жөніндегі нұсқауы—күнделікті жұмысымыздың арқауы болсын деген сөз.

Партиямыздың идеологиялық жұмысының зор маңызы бар. Бұл жөніндегі міндет партия ұйымдарының идеологиялық жұмысты күшейте түсуіне жетісу, марксизмге жат идеология белгілерінің қандайына болса да қарсы шешуші күрес ашып, оларды аяусыз өшкерелеу болып саналады. Осыған байланысты коммунистерді марксизм-ленинизм идеясы тұрғысынан тәрбиелеу мәселесімен жұнбе-күн шұғылдану—әрбір партия ұйымының көзек күттірмейтін ісі.

Ленинизм — халықаралық пролетариаттың туы, бүкіл прогресшіл адамзаттың

империализмге қарсы, бейбітшілік үшін, халықтар арасындағы ынтымақ үшін, барлық халықтардың жарқын болашағы үшін күресінің туы. Капиталистік және отар елдердің коммунистік партияларының күрес жолын ленинизм идеялары нұрландырып отыр.

Кәзір, капиталистік елдердің билеп-төстеуші топтары адамдар мен ұлттардың тең правосылық принципіне аяққа басып отырғанда, ағылшын-американ соғысқұмарлары бастаған империалистік топтар жаңа соғыс, атом соғысын бастауға жанталаса әзірленіп жатқан кезде, коммунистік партиялар жалпы демократиялық қозғалыстың алдыңғы сапында келеді, олар бүкіл адамзаттың мүдделерін қорғай отырып, халықтардың бейбітшілік жолындағы күресінің авангарды болып отыр, олар жаңа соғыс өртен тұтандыруға аласурушылардың зымындық саясатын аяусыз өшкерелеуде.

Біздің партиямыз халқымызбен қол ұстаса отырып, жаңа жеңістерге қарай алға басуда. Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің ілімі—біздің ісіміздің жеңілмейтіндігінің кепілі.

Ленин жолымен сенімді түрде алға барып бара жатқан Коммунистік партиямыздың дұрыс саясаты, сара басшылығы—біздің ісіміздің жеңілмейтіндігінің кепілі.

Қалың халық бұқарасының творчестволық инициативасы, халқымыздың Коммунистік партияның төңірегіне топтала түсіп отырғандығы, халықтың мызғымас бірлігі—біздің ісіміздің жеңілмейтіндігінің кепілі.

Лениндік ұлы идеялармен қаруланған Коммунистік партиямыздың, туысқан Совет Үкметінің сыртқы саясаты—бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнауын, халықтар арасындағы достықтың нығайуын көздейтін саясат.

Ленинизм идеялары мәңгі жасай берсін! Ленин туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің салтанатына қарай алға баса берейік!

## ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНДА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы осы жылғы 18 апрельдегі Указымен мынаны белгіледі: еңбекшілердің ұлы көсемі және Советтік социалистік мемлекеттің негізін қалаушы **В. И. Лениннің** туған күні барлық советтік орталық және жергі-

лікті мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, сонымен бірге ССРО-ның шетел мемлекеттеріндегі елшіліктері, миссиялары, консульдіктері мен сауда өкілдіктері жыл сайын 22 апрельде өздерінің үйлерінде, темір жол станция-

ларында, су пристаньдарында, вокзалдарда, ССРО-ның соғыс және сауда флотының кемелерінде және тұрғын үйлерде Советтік Социалистік Республикалар Одағының Мемлекеттік жалауын көтеретін болсын.

тыл бастағанын тау қыраны болып көрді. Осы ойдың көкейіме қонғаны сонша—мен сол кезде эмиграцияда жүрген бір жақын досыма Ленин туралы хат жазып, оның пікірін сурауды қажет таптым. Біраз уақыттан соң, Сибирьде айдауда жүрген кезімде,—бұл 1903 жылдың аяғы еді,—мен досымның қуанышты жауабын және Лениннің қарапайым, бірақ терең мазмұнды хатын алдым: бақсам, досым Ленинді менің хатыммен таныстырған екен. Лениннің хаты нәлендей үлкен емес еді, бірақ ол хат партиямыздың практикасын батыл түрде, тайсалмай сынап, партияның таяу дәуірдегі жұмыстарының бүкіл жоспарын тамаша айқын, ықшам түрде айтып берген. Ең былыққан нәрселер туралы өрі қарапайым, өрі айқын түрде, өрі ықшам, өрі батыл түрде жазуды Ленин ғана білуші еді,—оның әрбір сөзі күр сөз ғана емес, мірдің оғындай еді.

Менің Ленинмен танысуым осы уақыттан басталды.

## Кішіпейілділік

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1905 жылдың декабріде, большевиктердің Таммерфорстағы конференциясында (Финляндияда) кездестім. Мен партиямыздың тау қыранын, ұлы адамды, саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар, керек болса, тұлға жағынан да ұлы адамды көруге үміттендім, өйткені Ленин менің болжауымда дәу, сымбатты, жөрнекті адам болып суреттелуші еді. Орта бойлыдан аласа, кәдімгі пәндеден ешбір, тіпті ешқандай айырмасы жоқ, нағыз кәдімгі адамды көргенде, қайран қалғаным-ай.

Дағдыда «ұлы адам» жыйналыс мүшелерін сарғайтып күткізіп, жыйналысқа кешігіп келеді және де ұлы адам келер алдында жыйналыс мүшелері «тыс... ақыры... келе жатыр...» деп хабар беріседі. Бұл тұрын маған орынсыз көрінбеуші еді, өйткені ол ынталандырып, құрмет күшейтіп тұрады. Лениннің жыйналысқа делегаттардан бұрын келгенін және, бір бұрышқа отырып алып, қарапайым адамдарша әңгімелесіп отырғанын, конференцияның кәдімгі жәй делегаттарымен кәдімгі жәй әңгіме жасап отырғанын көргенде, қайран қалғаным-ай. Жасырмаймын, бұл маған ол кезде бірқатар қажетті ережелерді бірсыпыра бұзу сыяқты көрінді.

Мен кейін ғана түсіндім: Лениннің бұл жайдарылығы мен кішіпейілділігі, бай қалмай қалғысы келгені немесе, қалай да, көзге түспей, өзінің биік дәрежесін көрсетпеуге тырысуы,—бұл белгі—жаңа бұқараның, адам баласының ең «төменгі», қарапайым, кәдімгі жәй бұқарасының жаңа көсемі болған Лениннің ең күшті жағының бірі екен.

өз жақтастарын жаңа ұрыстарға, келешектегі жеңіске ұмтылдыратын күш-қайрат бітірді. Мен Лениннің жеңілді тураны айтып отырмын. Бірақ бұл қандай жеңілу еді? Ленинге қарсыларға, Стокгольм съезінде жеңіп шыққан Плеханов, Аксельрод, Мартов және басқаларға қарасан: олардың нағыз жеңушілерге ұсайтын жері тым аз еді, өйткені Ленин меншевиктерді алмай сынағанда олардың, былайша айтқанда, сау жерін қалдырмады. Әлі есімде, біз, большевик делегаттар, бір топ болып жыйналып, Лениннің аузына қарап, одан ақыл сұрадық. Кейбір делегаттардың сөздерінен шаршағандық, еңсесі түскендік көрініп тұрды. Мұндай сөздерге Лениннің кіжіне тістеніп, «қынжылмаңдар, жолдастар, біз сөзсіз жеңеміз, өйткені біздікі дұрыс», деп жауап қайтарғаны естен кетпейді. Қынжылатын интеллигенттерді жек көру, өз күшіңе сену, жеңетіңіңе сену,—міне, Лениннің бізге сонда айтқаны осылар еді. Большевиктердің жеңілуі уақытша екені большевиктер жақын арада жеңіп шығуға тиіс екені сезіліп тұрды.

«Жеңілдім деп қынжылмау»,—Лениннің ісіндегі өзгешелік, Лениннің жан-тәнімен берілген, күшіне сенетін армияны өз маңына біріктіруге жәрдем берген өзгешелік осы.

## Асқақтамаушылық

1907 жылы Лондонда болған келесі съезде большевиктер жеңіп шықты. Мен сонда жеңген кісінің күйінде Ленинді бірінші рет көрдім. Әдетте, жеңіс кейбір көсемдердің басын айналдырады, асыптастырады, асқақтатады. Көбінесе мұндай да кейбіреулер жеңіске мез-майрам болып, жайбарақаттыққа салына бастайды. Бірақ Ленин ондай көсемдерге ешбір ұсамайтын. Қайта, ол әсіресе жеңістен кейін ерекше қырағы, ерекше сақ болатын. Лениннің сол кезде: «бірінші іс—жеңіске мез болмау, асқақтамау: екінші іс—жеңісінді баянды ету; үшінші іс—дұшпанға сілейте соққы беру, өйткені оған тек соққы тиді, бірақ ол әлі соққы жең болған жоқ» деп делегаттардың құлағына құйғаны естен кетпейді, Ленин «енді меньшевиктердің қарасы батты» деп таз ойлаған делегаттарды қатты мысқылдады. Жұмысшы қозғалысында меньшевиктердің әлі тамыры бар екенін, өз күшіңді асыра бағалаудан, әсіресе дұшпанның күшін кеміте бағалаудан аулақ бола отырып, меньшевиктермен күресе білу керек екенін дәлелдеу Ленинге қиын емес еді.

«Жеңілдім деп асқақтамау»,—Лениннің мінезіндегі өзгешелік, Лениннің дұшпанның күшін дұрыс өлшеуіне, партияны дәлелімде тап болатын нәрседен сақтандыруына жәрдем берген өзгешелік осы.

Ленин ондай көсемдерден бүтіндей басқа еді. Пролетариаттың творчестволық күшіне, оның таптық сезімінің революциялық мақсатқа сай келетініне Лениндей мейлінше сенген басқа революционерді мен өзім білмеймін. «Революцияның хаосын», «бұқараның бетімен кеткен жүгенсіздігін» мөз болып сынаушыларға Лениндей алусыз соққы берген басқа революционерді мен өзім білмеймін. Әлі есімде, бір әңгіменің кезінде, жолдастардың бірі «революциядан соң дұрыс тәртіп орнатуға тиіс» дегенде, Ленин кекетіп: «егер революционер болғысы келіп жүрген адамдар тарихтағы ең дұрыс тәртіп революция тәртібі екенін ұмытса, бұл бір сор ғой» деп жауап берген еді.

Бұқараға атүстінен қарап, бұқараны кіташтан үйретуге тырысатындардың бәрін де Лениннің жек көретіні осыдан еді. Лениннің: бұқарадан үйрену керек, бұқараның қыймылын ұға білу керек, бұқара күресінің практикалық тәжірибесін обден зерттеп білу керек, деп талмай насихаттай беретіні де осыдан еді.

Бұқараның творчестволық күшіне сену,—Ленин ісіндегі өзгешелік, Лениннің стихияны ұғынуына, стихия қозғалысын пролетариаттың революцияның арасына салып отыруына мүмкіндік берген өзгешелік осы.

## Революция данышпаны

Ленин революция үшін туған еді. Ленин революциялық дүмпулердің нағыз данышпаны және революциялық басшылықтың ұлы шебері еді. Ленин революциялық сілкіністер заманындағыдай еш уақытта еркін, қуанышты болған емес. Мен мұны әсте: Ленин революциялық сілкініс атаулының бәрін бірдей мақұл көрді немесе ол әрқашан да, барлық жағдайларда революциялық дүмгуді жақтады, демек емеспін. Тіпті олай емес. Мен мұнымен тек мынаны айтпақпын: Лениннің данышпандық қырағылығы революциялық дүмпулер кезіндегідей еш уақытта толық, айқын білінген емес. Ленин революциялық кезеңдер уақытында гүл-гүл жайнап, көреген болды, таптар қозғалысын және революцияда болуы ықтимал бұраң жолдарды алақандағыдай айқын көріп, күні бұрын болжады. Біздің партия адамдарының арасында «Ильич революция толқындарында судары балықтай жүзе біледі» деп бекерге айтылып жүрген жоқ.

Лениннің тактикалық ұрандарының «керемет» айқындығы және революциялық ойларының «бас айнаралықтай» батылдығы осыдан келіп шығады.

Данышпан қырағылық, болғалы тұрған оқығалардың ішкі мәнін тез ұғып, таба білу,—Лениннің қасиеті, Лениннің революциялық қозғалыстың кезеңдерінде дұрыс стратегия, айқын бағыт белгілеуіне жәрдем берген қасиет осы.



# Ленинизм идеяларының салтанаты

Пролетарлық революцияның асқан шебері және данышпан ғалымы, Коммунистік партияны құрушы, Совет мемлекетінің негізін қалаушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі В. И. Лениннің туғанына бүгін 85 жыл толып отыр. Бөп ұлтты совет халықтары мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің санасында халқымыздың социалистік революцияда жеңуі нәтижесінде коммунистік қоғам орнатудағы тарихи жеңістер ұлы Лениннің есімімен, оның революцияшы ілімімен орынды байланыстырылуда.

В. И. Ленин саяси күрес майданын шығып, марксизм ғылымымен жан-жақты қаруланды. Маркс пен Энгельстің сенімді және дәйекті шәкірті болған ол олардың ісін жүзеге асыруға өзінің тамаша өмірін түгелдей жұмсады. Өзінің жарыққа шығуының алғашқы кезеңінен-ақ ленинизм халықаралық сыйпат алды. Марксизм ашқан қоғам дамуының заңдарына, таптар күресінің заңдарына талдау жасау негізінде және дүниежүзілік революциялық қозғалыстың тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, В. И. Ленин маркстік теорияда тайсалмастан жаңа соқпақ, жаңа жолдар салды. Ол марксизмді оның дүшпандарынан қорғап, творчестволықпен ілгері дамытты. Маркс пен Энгельс қайтыс болған кезде буржуазияның агенттері II Интернационалдың социалистік партияларының қатарына өтіп алып, өздерін марксистерміз деп формальді жариялап, марксизмді тексерсе бастады, пролетариаттың өмірлік мүддесіне опасыздық жасады. Ревизионистер марксизмнің тек әрбір қабылдап, оның революцияшы жанды, нәрменді күшін қабылдамай, өлі схемаға, догмаға айналдырды, оны өбін тауып буржуазиялық құрылыстың мүддесіне бейімдеуге тырысты.

В. И. Лениннің тарихи еңбегі мынада: ол ревизионизм үстемдік құрған дәуірдің өзінде марксизмнің түрлі-түсті жауларына қарсы күресте творчестволық марксизм туын жоғары көтерді, оны дамытып, батыл алға апарды. Ол империализм және пролетарлық революциялар дәуіріндегі халықаралық революциялық қозғалыстың тәжірибесін қорытты.

В. И. Ленин пролетариат диктатурасын орнату туралы, социализм жеңісінің жолдары мен құралдары туралы маркстік ілімге орасан зор үлес қосып, заманымыздың жаңалығын ашты. Империализм тұсында әртүрлі капиталистік елдердің бір-біріне қарсы дамымайтындығы туралы өзі ашқан заңға сүйене отырып, ол социализм тек бір кезде барлық елдерде жеңуі мүмкін деген Маркс пен Энгельстің қандағысын батыл қайта қарады. Ол социализмнің әуелі бір, жеке елде жеңуі мүмкін екендігін дәлелдеп берді. В. И. Ленин пролетариат диктатурасының жаңа және ең

таңдырды және ұйымдастырды. Тарихи қысқа мерзім ішінде біздің Отанымыз бүрынғы артта қалған аграрлы елден аса қуатты индустриялы-колхозды социалистік державаға айналды.

Ұлы Ленин ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру үшін ұсақ, капитализмнің ұясы болған жеке меншікті шаруалар шаруашылығын коллективтендірудің жолына көшірудің жоспарын жасады. Бұл саясаттың бірден-бір дұрыс саясат екенін, еңбекші шаруалардың өмірлік мүддесіне жауап бере алатын саясат екенін шаруалар өздері түсініп білді. Сондықтан да көп миллиондаған артта қалған жеке меншікті шаруалар шаруашылықтарын алдыңғы қатарлы техникаға негізделген ірі социалистік шаруашылыққа айналдыру, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жоғарыдан болған инициативасын шаруалардың басын көшілігінің төменнен қолдауы арқасында ғана жүзеге асырылды.

Елімізде социализмнің жеңуі нәтижесінде қанаушы таптар, адамның адамды қанауы жойылды. Еңбекшілердің әл-аукағын негізінен жақсарту беруге, олардың материалдық жағдайын жақсарту беруге, жақын өмірге керекті жағдайдың бәрі қасалып, жүзеге асырылуда. Елімізді индустриаландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мазнасы терең мәдениет революциясының жүзеге асырылуы Отанымызға тәніп желген апаттан құтқарды. Ұлы Отан соғысында жеңісіміздің негізі болды. Бұл соғыстың барысында советтік, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың жеңілмейтіндігі айқын дәлелденді. Мұның бәрі — ұлы Лениннің идеяларының салтанаты, ол құрған Коммунистік партияның данышпандық басшылығының жемісі.

В. И. Ленин нұсқауларын негізге ала отырып, Коммунистік партия революцияның ең маңызды мәселесінің бірі — ұлт мәселесін дұрыс шешті. Елімізде бұрын екі жақты езілген ұлттар тек саяси жағынан ғана право алып қойған жоқ, іс жүзіндегі теңсіздігін де жойып, шаруашылық және мәдениет жағынан бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өркендеп, өсті. Бұған еліміздің қай ұлттарының болса да гүлденген экономикасы мен мәдениетінің сүйсінерлік мысалдар келтіруге болады. Бұған гүлденген қазақ халқының экономикасы мен мәдениеті дәлел бола алады.

Ұлы Лениннің мәдениет революциясы туралы, қалың халық бұқарасын мәдениетке жеткізу туралы арманы партиямыздың басшылығымен жүзеге асырылды. Мәдениет революциясының жүзеге асырылуы нәтижесінде Совет Одағы жаппай сауатты елге айналды. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлден-

дің қарашығындай сақтап, нығайта беруді үйретті. Партияның басшылығы және Сталин жолдастың жетекшілігімен бұл одақ өсіп, жұмысшылардың, колхозшылардың және совет интеллигенциясының қуатты моральдық-саяси бірлігіне айналды. Бұл бірлік өндірістің социалистік әдісі мен социалистік өндіріс қатынастарының жеңуі, совет қоғамының негізгі өмірлік мүдделерінің бірлігі негізінде туып, нығайып, мызғымас күшке айналып отыр. Осы негізде совет қоғамында дамудың жаңа, бұрын-соңды болмаған қуатты қозғаушы күштері — советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, халықаралық интернационалдық достығы, совет адамдарының рух беруші жалынды патриотизмі қалыптасып, өсіп нығайды.

В. И. Лениннің жұмысы табы мен еңбекшілер оларды тек нағыз революцияшы марксистік партия бастап, көсемдік еткенде ғана жеңіске жете алады деген ғылыми қорытындысын өткен өмір, тарихи практика толығымен дәлелдеп отыр. Ұлы Ленин пролетариаттың таптық ұйымының жоғарғы түрі, өкмет үшін, социализм үшін күресте оның негізгі қаруы ретіндегі партия туралы тұтас ғылыми шығарып, марксизмді ілгері дамытты. Басшы және бағыттаушы күш ретіндегі партия болмаған жерде социалистік революция жасау, социалистік қоғам орнату және коммунизмге қарай алға басу мүмкін болмаған болар еді.

Ұлы Ленин құрып, шынықтырған Коммунистік партия көп ұлтты совет халықтарына істі алға сеніммен жүргізудің ғылыми программасын береді, оның көздеген мақсатын және оған жетудің жолдары мен әдістерін көрсетеді, істің дұрыс бағытын белгілеп береді. Социализмнен бірте-бірте коммунизмге өтудің партия жасап берген саясатын совет халқы толық қолдауда, олар өздерінің барлық творчестволық күштерін коммунистік құрылыстың тарихи міндеттерін жүзеге асыру ісіне жұмсауда.

Партияның XIX съезі партия тарихындағы ленинизм идеяларының бұрынғыдан да күшті салтанат құруы, коммунизм салтанаты жолындағы қаһармандық күрестің тарихындағы аса маңызды кезең болды. Съезд партиямыздың ленинизм жолындағы даңқты жеңістерінің қорытындысын шығарып, коммунизмге қарай онан әрі алға басудың ұлы перспективаларын белгілеп берді. Съездің қарарларында Коммунистік партияның кәзіргі кезеңдегі басты міндеттері белгіленіп, елімізге коммунистік қоғам орнату жолдары көрсетілген.

Партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде

друді екі және екі еседен аса арттыру үшін, халықтың азық-түлік және халық тұтынатын товарлар жөнінде өсіп отырған тілектерін неғұрлым жақсы қанағаттандыру үшін қолданып жүзеге асырып отырған шараларын халқымыз қызу қолдап, оны жүзеге асыру үшін күресуде.

Ленинизм идеяларының ұлы мақсаты мен жігерленген совет халқы Коммунистік партияның Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарларына еңбектері жаңа ерліктермен, инициативамен, өнер табудың жаңа көріністерімен, социалистік жарыстың туын жоғары көтерумен жауап беруде. Бұл қозғалыста совет адамдары, ұлы Ленин көрсеткеніндей, өз Отанының иесі — қожасы ретінде және жаңа өмірдің — коммунистік қоғамның құрушылары ретінде көрініп отыр. Коммунистік партия миллиондаған совет адамдарының өндірістік және саяси белсенділігін коммунистік құрылыстың кәзіргі аса ұлы міндеттерін жүзеге асыруға бағыттап келеді.

Ұлы Ленин капитализмнің адамдар санасындағы қалдықтарын жою коммунистік қоғам құрудың аса маңызды шарты деп үйретті. Ленинизм — халқымызға коммунистік тәрбие берудің негізі. Марксизм-ленинизм ғылымы үздіксіз дамытылып, жаңа тәжірибемен байытылып келеді. Оның ұлылығы, жеңімпаз күші біздің алға басқан қадамымыздың әрбір жаңа кезеңінде, дүние жүзінің алдында барған сайын терең және анағұрлым толық ашылып келеді. Маркстік-лениндік теорияны кең насихаттау, кадрлардың революциялық теорияны меңгеруі совет халқының алдында тұрған тарихи міндеттерді ойдағыдай шешудің аса маңызды шарты болып табылады. Ленинизм өзіне және басқаға сын көзімен қарауды, сын мен өзара сынды өрістетуді, артқа емес, үнемі алға басуды, жаңашыл жоғары коммунистік мораль рухында еңбекшілерді тәрбиелеуді үйретеді. Марксизм-ленинизмді кең насихаттап, халқымызды осы рухта тәрбиелеуге біздің мүмкіншілігіміз өте көп, тек соны мақсатты түрде пайдалана білу керек. СССР-да марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары миллиондаған тиражбен басылуда. СОКП Орталық Комитетінің қаулысы бойынша Маркс-Энгельс-Ленин-Сталин институты К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармаларын екінші рет басып шығарғалы отыр.

Ленинизм кәзір, оның негізін данышпандықпен салушы кеменгердің тірі кезіндегідей, тек теория ғана, теорияның жүзеге асуының бастамасы ғана болып отырған жоқ; ленинизм кәзір барлық іспен біте қайнасақ, нақты өмірдің шындығына айналып отыр. Марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеяларының салтанаты



В. И. Ленин мен И. В. Сталин Горькиде.

## Ленин есімі күш берді

Бұл 1906 жылы болған еді.

Петропавл станциясының шағын үйінен шығып, асыға басып келе жатқан вокзалдың жүк тасушысы Шәкір Салихов мені көрді де тоқтай қалды.

— Махмет, бүгін кешкі сағат 8-де мен саған бір үлкен адамды көрсетейін, барасыз ба? — деп сұрады ол менен.

— Қандай үлкен адам? — деп сұрадым мен, оған таңдана қарап. Бірақ оның өзі де қандай адамды көруге баратынын білмейді екен. Ол сыбырлап:

— Матвей айтты, — деді.

Кеш қараңғысында бір тар көшемен Уәйіс Ыбраев (кәзір ет-консерв комбинатының мастери), Шәкір Салихов үшеуіміз жан-жағымызға жалтақтай қарап, асыға басып келе жатыр едік. Басшы-

лықтың қайда болғандығы және онда кімдер қатысқаны жөнінде ешкімге айтпа. Сенің кешегі адамның кім екенін білгің келеді ғой, ә? Ол адам большевик. Мен бұл сөздің мағынасын әбден біліп алсын дегендей ол:

— Большевик деген жұмысшылардың партиясы бар. Оны Ленин құрған. Ол партия бізге бақытты өмір өперу үшін күреседі. Таяуда барлық еңбекші халықты біріктіріп, күреске шығарады, патшаны құлатып, жұмысшы-шаруа өкметін орнатады. Ол өкмет орнаған соң біз жақсы тұрамыз, деп Иван Иванович күліп қойды. Оның қарапайым сөзі орыс тілін шала білсем де маған өте ұғымды болды. Мен Ленин, большевик деген есімдерді ұмытпайтын дегендей ішімен бітпе-



ді ашты. Ол елімізде социализмді іс жүзінде орнатудың нақты программасын жасап, жұмысшы табы мен Коммунистік партияны социализм және коммунизм орнатудың ғылымға негізделген программа-сымен қаруландырды.

В. И. Ленин помещиктер мен капиталистер өкметін жойып, пролетариат диктатурасын орнату үшін Россиядағы алғашқы маркстік үйірмелер мен топтардан жаңа тұрпатты партияны құрып, оны творчестволық марксизм ғылымымен қаруландырды. В. И. Ленин маркстік партияның ролін айта келіп, зор сеніммен: «Бізге революционерлердің ұйымын беріңіздерші, біз Россияны төңкереміз» деді.

В. И. Лениннің алдын-ала болжап, данышпандықпен айтқан бұл сөзі оқылғандардың содан бергі дамуы толығымен дәлелденді. В. И. Ленин пролетариат күштерін революцияшыл марксизм туы астында ұйымдастыру және топтастыру үшін жұмысшы қозғалысындағы түрлі түсті оппортунизмге қарсы рақымсыз күресі өрістетті. Ол жаңа тұрпатты Коммунистік партия негізін қалап, оны жауынгер революцияшыл партия етіп ұйымдастырып, тәрбиелеп, шынықтырып өсірді. Ол партияның идеологиялық, тактикалық, ұйымдық және теориялық принциптерін жасап берді.

Rоссияда болған үш революцияның барлық кезеңдерінде Ұлы Октябрь революциясынан кейін елімізде социализм орнатудың барлық кезеңдерінде лениндік ұлы идеялар партия жүресінде міндеттері мен болшағын, оның стратегиясы мен тактикасын жарық сәулелен нұрландырып келді және қазір де нұрландыруда. Ұлы Ленин ұйымдастырып тәрбиеленген жаңа тұрпатты партияның басшылығымен Россияның жұмысшы табы кедей шаруалармен одақтаса отырып, дүние жүзінде тұңғыш рет социалистік революцияны жүзеге асырды, пролетариат диктатурасын орнатты, халықаралық империализмнің майданын бұзды, капиталистік құрылысты құлатты, Совет өкметін орнатты.

В. И. Ленин елімізді социалистік жолмен қайта құрудың негізі, социалистік экономиканың күші мен қуатының негізі ауыр индустрия екенін, онсыз дербес мемлекет болып өмір сүруге болмайтынның алдында болжап, ерекше атап көрсетті. СОКП Орталық Комитетінің жақында болып өткен январь Пленумында ұлы Лениннің және оның ісін алға апарушы Сталиннің ауыр индустрияны барынша өркендете беру қажет екендігі туралы нұсқауларының ұлы маңызы жаңа күшпен ерекше атап көрсетілді.

Марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын ғылымын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия көп ұлтты совет халықтарын елімізде социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асыруға рух-

ты коммунистік партия басқарып отырған мемлекетіміз ССРО-дағы барлық ұлттардың толық теңправолылығына негізделеді. Ол еліміздегі халықтардың шаруашылық жағынан да, мәдениет жағынан да барынша өркендеуін қамтамасыз етті. Мұның тамаша мысалдарын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және тағы басқа халықтардың өркендеген өмірінен де көруге болады. Социалистік ұлт республикалары тарихи қысқа мерзім ішінде дамудың капиталистік жолына соқпастан қуатты индустриялы-аграрлық республикаларға айналды, Совет Одағының негізгі экономикалық аудандарының біріне айналды.

В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің пролетариат диктатурасы туралы ғылым дамытып, пролетариат диктатурасының бір формасы — Совет өкметін негіздеді. Ұлы Ленин бірқатар еңбектерінде пролетарлық демократия буржуазиялық демократияға қарама-қарсы екендігін дәлелдеді. Ленин империализм барлық жағынан реакцияға: экономика, әлеуметтік, саяси, мәдени және идеология жағынан жаппай демократияға қарсы шабуыл жасап, реакцияшыл диктатура орнатуға ашықтан-ашық бара жатқанын атап көрсетті. «...Бұл мағнада алғанда, — деп жазды Ленин, — империализм дегеніміз — демократия атаулыны, бүкіл демократияны танымау екені даусыз» (Шығармалар, қазақ тілінде, 23-том, 31-бет).

Ұлы Лениннің бұл сөзін сонан бергі өмір толығымен дәлелдеуде. Бұған АҚШ империалистерінің жүргізіп отырған реакцияшыл саясаты дәлел бола алады. Қазіргі заманда буржуазия адамдар мен ұлттардың теңправолылық принципін аяққа басқанын, буржуазиялық-демократиялық бостандықтардың туын, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық еркіндік туын ластырып тастағанын өмір дәлелдеп отыр.

Партияның күші мен жеңімпаздығы — ұлы Лениннің көмеңгерлігі нұрландырып революциялық теорияда, партияның ленинизмге шексіз беріліп, оның нұсқауларын жүзеге асыруында. Буржуазиялық құрылыстың іріп-шіруінің, оның демократиясының азып-тозуының негізгі себебі — оның сүйенетін идеологиясы ғылымға жатпайтын, еңбекшілер бұқарасының практикалық өмірінен және күресімен байланысты еместігінде, олардың өмірлік мүддесіне қарсы теорияларға сүйенуінде.

Капитализмнің қамқоршысы болып отырған идеализмге қарама-қарсы, марксизм-ленинизмнің күші мен жеңімпаздығы сол — ол қоғам дамуының материалдық тілектерін шыншылдықпен бейнелейді. Оның қорытындылары мен қағидалары жанды өмірге негізделген және соның өзінен туып отыр.

В. И. Ленин ортақ мүдде негізінде жұмысшылар мен шаруалардың одағын көз-

бені орталық Комитетінің басшылығымен, ленинизмнің сансыз көп жауларына қарсы күресте ССРО-да жүзеге асырылған тарихи қысқа мерзім ішіндегі социализмнің жеңісінде Совет Одағындағы коммунистік құрылыстың орасан зор табыстарында баянды етілді. Ленинизм дүниежүзілік тарихтың бүкіл барысына қуатты ықпал жасауда. В. И. Лениннің жаңа елдер капитализмнен бірте-бірте бөлініп шыға береді деп көрегендікпен айтқан сөздері жүзеге асуда. Қазір адамзаттың үштен бірінен астамы империалистік есушілік бұғауынан құтылып, жаңа өмір құруда, социализмге қарай сеніммен алға басуда. Европаның бірқатар елдерінің халықтары социализмді ойдағыдай орнатуда. Марксизм-ленинизмнің идеологиясын басшылыққа ала отырып, Қытайдың қаһарман компартиясы өз елін шетелдік империализм мен ішкі контрреволюцияны талқандаған бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткізді. Капиталистік елдерде жұмысшы қозғалысы күшейіп отыр және тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысы барған сайын кең өріс алууда.

Ұлы Лениннің өзі ашқан империализмнің біркелкі дамымау заңына сүйеніп, көрегендікпен алысты болжап айтқанындай, капиталистік системаның жалпы кризисі бұрынғыдан да гөрі шиеленісуге, ішін жегідей жеген капитализмнің қайшылықтары барған сайын тереңдеуде. Империалистердің билеуші топтары бұл қайшылықтан шығудың жолын соғыс деп біліп, адамзатты дүниежүзілік жаңа соғыстың тұңғышына құлатуға тырысуда. Ұлы Ленин еңбекшілер бұқарасы, прогресшіл адам баласы соғысты қаламайды деді. Қазір дүние жүзінің бейбітшіл халықтары империалистік соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күресуде.

Ленинизм агрессияшыл империализмге қарсы, демократиялық праволар мен бостандықтар үшін, бейбітшілік және социализм үшін күрес жүргізіп жатқан капиталистік елдердегі миллиондардың ең күшті құралына айналды.

Көп ұлтты совет халықтары өз үкметінің Европада, дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған лениндік сыртқы саясатын қызу қолдауда. Совет халқы болашақ өміріне зор сеніммен қарайды. Партия мен Совет үкметінің белгілеп, жүзеге асырып жатқан ішкі және сыртқы саясаты бұл сенімнің негізі. Совет халқының алдында лениндік ілім нұрландырып коммунизмге жетудің даңғыл және айқын жолы — жарық жұлдыз болып жарқырап тұр.

Совет қоғамының коммунизмге қарай өрлеп дамуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ! Марксизм-ленинизм туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

3. БЛАҚБАЕВ.

«Қарамола» деп аталатын жерге жақын «Көпірсайға» келдік. Бұл сайға кілең жұмысшы орыстар мен қазақтар жыйналышты. Біз келген соң көп кешікпей сайдың етегіне дөңгелеге отырған жұрттың ортасына шығып, бір адам сөз сөйледі.

Мен ол кезде орыс тілін аз білетінім. Бірақ әлгі адамның жұмыс сағаты азайтылады, жұмысшыларға штраф салу тоқталады, еңбекақы көбейтіледі, бұл үшін барлық жұмысшылар мен шаруалар бірігіп күреске шығуы керек деген сөздері менің көңіліме ұнап кетті. Ақырын жеңінен тартып, жанымда отырған темір жол станциясының аспапшысы Иван Ивановичтен:

—Сөйлеп тұрған кім? — деп сұрадым. —Валериан Владимирович Куйбышев, — деді де ол, менің тағы бірдеңе сұрайтындымы аңғарып, үндеме дегендей белгі берді.

Жұмысшылар Валериан Владимировичтің сөзін ұйып тыңдауда.

...Біз үш-үштен бөлініп қалаға қайтып. Ес біле бастағаннан бергі ойымдағы өзім айта алмай жүрген барлық тілек-арманды айтқан адамның кім екенін біле алмағандығыма қатты өкініп келе жатырмын.

—Сендер ұқтыңдар ма? Жұмысшыға бір жақсылық бар! — деді Шәкір, Уәйіс пен маған алма-кезек қарап. Осы ой менің де жүрегіме ұялап, ауыр бейнет пен азаптан басылып жүрген көңілімді сергіткендей болды.

Ертеңіме Иван Иванович мені шақырып алды.

—Кеше «Көпірсайға» сені кім ертіп апарды? — деді ол.

—Шәкір.

—Онда жарайды. Бірақ кешегі жыйна-

ны рет қайталадым.

—Кешегі адамды Ленин жіберген бе? — деп сұрадым одан.

—И, Ленин жіберген. Саған бір жұмыс тапсырамын. Сен күнде тұтқындарды алып өтетін поездан тасталған қол сүртілген, уқаланған, балық сүйегін ораған қағаздарды ешкімге көрсетпей жыйна да маған жасырып әкеліп беріп отыр, жарай ма?

Иван Ивановичтің де революционер екенін осы арада аңғардым. Ол шынында да солай екен. Мен оның тапсырмасын орындауға уәде бердім. Бұдан кейін барлық еңбекші халық күреске шықса, бақытқа қол жететіндігіне түсіне бастадым. Иван Ивановичтен босап сыртқа шыққанымда Омск қаласына қарай жүретін поездің паровозында тұрған, машинистерше кінйген В. В. Куйбышевті екінші рет көрдім. Ленин жіберген адамды тағы да анықтап көріп алғым келді. Бірақ осы кезде поезд қозғала бастады. Мен поездды артынан ұзақ уақыт көз алмай қарап тұрдым. Ішімнен Ленин, большевик деген сөздерді тағы да бірнеше рет қайталадым.

Қыянкескі оқылғаға толы күндер шымырап өтіп жатты. Менің Ленин партиясы халыққа бақыт әкеледі деген сенімім күн сайын ұлғая берді. Сол партияға қолымнан келгенінше көмектесуді, оның мүшесі болуды өз міндетім деп санадым. Бұл шешімге келуіме Валериан Владимирович Куйбышевтен алғаш рет естігем ұлы Лениннің есімі күш берді.

қарт коммунист Махмет ЖҰМАБАЕВ, Петропавл темір жол станциясының жүк тивушісі.

## Электрленген колхоз

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин елімізді электрлендіру мәселесін негізгі міндет етіп қойған еді, қазір оның бұл жөніндегі нұсқауы да жүзеге асырылып отыр. Мысалға Ленин атындағы колхозды (Октябрь ауданы) алайық. Бұл колхоздың өзінің электр станциясы бар. Оның күшін арттыра түсу үшін быйыл тағы да бір электр моторы сатып алынбақ. Сөйтіп таяудағы уақытта қырмандағы, мал фермаларындағы қол еңбегін көп керек ететін жұмыстар механикаландырылады.

Колхоздың экономикасымен бірге мәдениеті де өсіп келеді. Мұнда онжылдық мектеп, интернат, клуб, кітапхана, магазин, почта бөлмесі, дәрігерлік пункт бар. Олардың барлығына және бүкіл колхозшылардың үйлеріне электр сымы тартылған. Колхозда радио торабы жұмыс істейді. Ол барлық колхозшы үйін қамтыйды. Бұдан басқа 10 үйдің өз радио қабылдағыштары бар. Колхоз басқармасы Коммунистік партияның, колхоз мү-

шелерінің әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежелерін арттыра түсуге бағытталған шараларын жүзеге асыру жолында еңбектенуде. Үстіміздегі жылы колхоздың жылдық табысын бір миллион сомнан асыру — колхоз басқармасы мен колхозшылардың нысаналы жұмысы болып отыр.

Колхоз мүшелері В. И. Лениннің тұтанына 85 жыл толуын салтанатты түрде атап өтуге әзірленді. Колхозды-деревняда Ленин күні қарсаңында түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізілуде, лекциялар оқылуда. Колхоз үгітшілері өңгімеде осы колхоздың өз тарихынан Ленин идеяларының салтанат құрып отырғанына қызықты мысалдар келтірді. Колхоз мүшелері ұлы идеяның онан сайын салтанат құра беруі жолында жанаймай еңбек етуде. Олар көктемгі егіске әзірлікті толық аяқтап, оны дербесінде өткізу жолында күресуде.

А. БАҚЫТЖАНОВ.



# ЛЕНИН БОЛҒАН ТАРИХИ ЖЕРЛЕРДЕ

Ленин қаласы. Бұл сөздерде қандай асқан зор ішкі күш пен ұйылық бар десеңізші. Қаланың революциялық тарихы еңбекшілердің данышпан көсемі, партиямыздың негізін қалаушы, дүние жүзіндегі бірінші социалистік мемлекетті құрушы — Владимир Ильич Лениннің өмірімен және қызметімен тығыз байланысты.

Нарва және Нева заставаларының арғы жағында, Выборг жағында, қаланың көптеген басқа аудандарында Лениннің рух беретін жігерлі сөзі естіліп болатын. Ленин тұрған және еңбек елкен ұмытылмас тарихи орындарды Ленинградтықтар асқан зор қасиетті жерлер ретінде зор сүйіспеншілікпен сақтауда.

...Петербург, 1890 жыл. Университетті емтихандарды екстернмен тапсырудың шарттарын анықтау үшін жас Ленин мұнда августтың аяғында, сентябрьдің бас кезінде бірінші рет келген еді. Ол мұнда келесі 1891 жылы көктемде және күзде екі рет болып, университеттің сессияларына қатысты. Ленинград университетінің кең, жарық коридорында суретші В. М. Орешниковтың үлкен суретін көруге болады, онда жүзінде рухтанғандықтың белгісі бар жас Лениннің емтихан алушыларға аса зор сеніммен жауап беріп тұрған сөзі бейнеленген. Владимир Ильич 13 ауызша және бір жазбаша емтиханды тамаша тапсырды. Сонынан өткізілген 33 адамнан тек жалғыз Ленинге ғана барлық пәндерден жоғары баға болды. Заң факультетінің сынақ комиссиясы оған бірінші дәрежелі диплом берді.

...Ленинградтың бұрын Большой Казачий деп аталған, ал көзір Ильичтің есімімен аталатын тыныш жатқан шалақ көшелерінің біріндегі № 74 үйде Лениннің Петербуртта тұрған пәтерлерінің бірі болды. Көзір бұл пәтер музейге айналдырылған. Ленин тұрған бөлменің іші өте мөте қарапайым, шағын темір кровать, екі орындық, диван, комод, екі етол. Столдардың бірінің үстінде бестік керосин шам тұр. Бұдан алыс жыл бұрын қандай болса, бәрі сол қалпында сақталған. Бұл бөлмеде Владимир Ильич 1894 жылғы 24/12 февральдан 1895 жылғы 7 май (25 апрельге) дейін тұрды және жұмыс істеді. Мұнда ол өзінің «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» және «Халықшылықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген данышпандық еңбектерін жазды.

Пәтер-музейде жыйналған көптеген материалдар Петербуртта «Орыс жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құруды әзірлеген жас Лениннің

...16/3 апрельде кешке Финляндия вокзалының перронына поезд келіп тоқтады. Вокзал алаңында мыңдаған революцияшылар жұмысшылар, солдаттар мен матростар Владимир Ильичті асыға күтіп тұрған еді. Олар қуанышпен қарсы алған Ленин броневиктің үстіне шығып, былай делінген ұранмен аяқтаған өзінің атақты сөзін сөйледі:

—Социалистік революция жасасын!  
Көзір ұлы революциялық оқиғалардың куәсі—тарихи броневик В. И. Лениннің Орталық музейінің Ленинградтағы филиалының есігі алдында гранит постаменттің үстіне қойылған.

Ленин вокзалдан тура Кшесинская сарайына барды, онда ол кезде большевиктер партиясының Орталық және Петроград Комитеттері орналасқан болатын. Ол түні бойы бірнеше рет балконға шығып сөз сөйледі.

Владимир Ильичті туыстары: апасы Анна Ильична Ельзарова мен оның ері таң алдына дейін күтті. Олар Петроград жағындағы Широкая көшесіндегі № 48/9 үйде тұратын. Көзір бұл кеше Лениннің есімімен аталады, ал Ленин үш ай тұрған (жасырын жағдайда жұмыс істеуге көшкенге дейін дерлік) пәтерде музей ашылған. Экспонаттар сол кездегі оқиғаларды елестетеді. Іші жай ғана жыйналған шағын бөлмеде Ленин тыным ташпашан еңбек етті. Мұнда ол 150-ден аса мақала және бірнеше кітаптар жазды. Осы пәтерінде Владимир Ильичке оның ең жақын серіктері: Сталин, Свердлов, Молотов, Орджоникидзе жолдастар және басқалары келіп тұратын.

...Лайықты сымбаттылығымен және формаларының қарапайымдылығымен ерекше көзге түсетін Таврия сарайының ақ колонналы үйінде біздің заманымызда бейбітшілік жолындағы күрескерлердің жыйналыстары, ғалымдар мен өндірісшілердің творчестволық ынтымағын нығайтуға арналған кездесулер, партия және комсомол конференциялары өткізіледі. Мұнда 1917 жылдың сол бір қатал әрі айбарлы күндерінде тіпті басқаша оқиғалар болатын еді. Осында партия қызметкерлерінің жыйналысында соғыс және революция туралы баяндама жасап, Ленин буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға ету жолындағы күрестің данышпандық жоспарын —өзінің атақты Апрель тезис терін жариялаған 17/4 апрель ерекше маңызы күн болды.

...Ленин Петроградтың барлық түкпірлеріндегі ондаған митингтер мен жыйналыстарда сөз сөйледі. «Треугольниктің», Охтен оқтары заводдың, «Скорход» фабрикасының, Николай темір жолының негізгі вагон мастерскойларының және

да бұтақтардан жасалған күрдеде дүниежүзілік Октябрьдің көсемі буржуазияның қудалауынан жасырынған және өзінің «Мемлекет және революция» деген кітабын жазған жерде —осының ескерткіші етіп біз граниттен осы күрдені жасадық...

Ленин қаласының жұмысшылары 1927 жыл.

Күз түскен соң, шөп шабу аяқталып, енді өзін шалғышы деу мүмкін болмағанда, В. И. Ленин Разливтен Удельная станциясына ауысты, ал одан паровозбен көчегар ретінде Териоққа (көзіргі Зеленогорск) дейін барды. Бұдан кейін түнде, жұмысшы-большевиктерді ертіп алып, Ильич орман арасындағы адам баспаған соқпақ жолмен Ялкала деревнясына барды. Көзір Ялкала Ильичево поселкесі деп аталады. Мұнда В. И. Лениннің музей-үйі бар. Мұнда ұлы көсем Разливте бастаған «Мемлекет және революция» деген кітабын онан әрі жазды.

...В. И. Лениннің музей-пәтерлерінің бірі Карповка жағалауындағы № 32 үйде орналасқан. Мұнда 1917 жылғы 23/10 октябрьде партияның Орталық Комитетінің мәжілісі болды, онда Ленин ағымдағы кезең туралы баяндама жасады. Осы тарихи мәжілісте қарулы көтеріліс туралы лениндік қарар қабылданған болатын.

...В. И. Лениннің Сердобольская көшесіндегі 1/92- үйдегі музей-пәтері. Партия мүшесі М. В. Фоганованың меншігі болған бұл үй Владимир Ильичтің астыртын қызметінің соңғы кезеңімен байланысты. Ол мұнда партияның Орталық Комитетінің қарары бойынша 1917 жылғы октябрьде Петроградқа қайтып келгеннен кейін орналасып, онда 6 ноябрь /24 октябрьге дейін болды, ол осы күні түнде Смольныйға кеткен болатын.

...Тек атағанның өзінде ғана аса зор сезім туғызатын аттар бар. Жұмысшы қозғалысының тарихына, Коммунистік партияның тарихына Октябрьдің штабы ретінде енген Смольный осындай.

1917 жылғы октябрьдің тарихи күндерінде Петропавл Советі мен партияның Орталық Комитеті Смольныйда орналасты. Мұнда Ленин «Россияның азаматтарына!» деген тарихи үндеуді жазды. 26 октябрьде кешке Смольныйдың ақ колонналы акт залында бүкіл өкмет билігі Советтердің қолына көшкенін жариялаған Советтердің Бүкілроссиялық II съезі ашылды. 8 ноябрь/26 октябрь күні түнде съезд бейбітшілік туралы, жер туралы лениндік декреттерді қабылдады және дүние жүзіндегі В. И. Ленин бастаған бірінші жұмысшы-шаруа үкметін саялады.

1918 жылғы Совет үкметі Москваға көшкен күнге дейін В. И. Ленин тұрған



Суретте: Қаладағы В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектеп. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## ҰЛЫ КӨСЕМ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕ

1936 жыл. Біздер, қаладағы № 3 жетікылдық мектептің оқытушылары, аса қуанышты хабар алдық. Біздің мектеп орта мектепке айналдырылды және оған ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің есімі берілді. Орта мектеп өзінің алғашқы оқу жылын өзіне өдейі арнап салынған жаңа үйде бастады. Мектебіміздің ұлы Лениннің есімімен аталуы оқытушылар мен оқушылар үшін аса зор мақтаныш болды. «Біз лениншілдерміз» деген сөздерді оқушыларымыздан жиі еститіміз. Сонымен бірге, бұл ардақты ат біздің жұмысымыздағы жауапкершілігімізді де арттыра түсті. Аса сүйіп, құрмет ететін адамымыздың есімімен аталған мектептің оқу-тәрбие жұмысында кемшіліктер болмауына жалпы коллектив болып атсалысып келеміз.

Коллективіміздің ұйымшылдықпен жұмыс істеуінің нәтижесінде өткен 19 жылдың ішінде мыңнан астам адам мектебімізден орта білім алып шықты. Көзір олардың көпшілігі еліміздің түрлі түкпірлерінде ойдағыдай қызмет істеп жүр. Мәселен, орта білімді бізде алып шыққан Корнилова —көзір Москваның метро құрылысында инженер. Асанов — Өзбек ССР Министрлер Советінің жанындағы архитектура басқармасының бас архитекторы, Дядиков ССРО Ғылым академиясының ғылыми қызметкері, Боброва Москвадағы тігін фабрикасында инженер болып жұмыс істейді. Көптеген мектеп бітірушілеріміз жоғары білім ал-

17 оқушы техникалық училищелер мен техникумдарға оқуға түсті. Ал, қалғандары кәсіпорындарында жұмыс істейді, жоғарғы оқу орындарында сырттан оқиды.

Партия мен үкметіміздің соңғы қарарларына байланысты оқу-тәрбие жұмысы да күрделілене түсті. Оқытушылардың алдына оқушыларға терең білім берумен бірге, олардың еңбекке деген ынтымағын арттыру, еңбек адамдарын тәрбиелеу міндеті қойылды. Политехникалық оқуды жүзеге асыру, оқушыларымыздың жан-жақты білім алуына жағдай туғызуда. Үстіміздегі оқу жылында 138 оқушы мектеп бітірмек.

Жастарымыздың ержақты білімді, жоғары мәдениетті болып шығуы үшін жасалып отырған қамқорлық орасан зор. Оны біздің мектебімізден айқын көруге болады. Мектебіміз кең, таза, көп бөлмелі, екі қабат үлкен үйге орналасқан. Онда пән кабинеттері, физкультура залы, кітапхана бар. Мектептің оқытушылар құрамы да жыл сайын арнаулы педагогикалық білім бар кадрлармен толықтырылып келеді. Быйым бізде 56 оқытушы сабақ беріп жүр. Олардың басым көпшілігінің жоғары білімдері бар. Ал, Ленин орденімен наградталған қарт оқытушыларымыз Воронкина, Автаева, оқу ісінің меңгерушісі Наседкина жолдастар мектебіміз құрылғаннан бері үзбей жұмыс істеп келеді.

Оқушылар ұлы Лениннің туғанына 85 жыл толу құрметіне өздерінің жақсы оқуларымен тарту әзірледі. Бұл күндері бар-

## ТӨРТ ДЕРЖАВаның АВСТРИЯ ҚАТЫСТЫРЫЛҒАН КЕҢЕСІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

19 апрельде ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Америка Құрама Штаттарының ССРО-дағы Елшісі Ч. Болен мырзаны қабылдады және оған Москвада 12—15 апрельде болған Совет-Австрия келіссөздерінің нәтижелерін хабарлады.

Мұның үстіне, ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Елші Ч. Боленге Совет Үкметінің АҚШ үкметіне арналған мына мазмұндағы нотасын табыс етті: «Совет Үкметі АҚШ үкметінің назарын мынаған аударуды қажет деп санайды.

12—15 апрельде Москвада Совет Үкметі мен Австрия Республикасының Австрияның Федеральдық Канцлері Ю. Рааб мырза бастаған Үкмет Делегациясы арасында келіссөздер болды. Пікір алысу нәтижесінде көзіргі уақытта Австрия мәселесін реттеуді аяқтауға және Австриямен Мемлекеттік Договор жасасуға мүмкіндік бар екені анықталды. Мұның өзі демократиялық Австрия мемлекетінің тәуелсіздігін толығымен қалпына келтіруге мүмкіндік береді, Европада бейбітшілікті нығайту ісіне қосылған елеулі үлес болады.

Совет Үкметі: АҚШ үкметі өз тарапынан Австриямен Мемлекеттік Договор жасасу жөнінде төрт держава үкметтері мен Австрия үкметі арасында қажетті келісімге жетуге көмек көрсетеді деп сенім білдіреді.

Совет Үкметі Америка Құрама Штаттарының, Францияның, Англияның және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінің Австрия өкілдері қатыстырылған, тәуелсіз демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договор жасасу жөніндегі мәселені қарауға және осы Договорға қол қоюға арналған кеңесі ең таяу уақытта шақырылуы өте орынды деп санайды.

Көрсетілген кеңестің шақырылатын орны Вена қаласы болуы ұсынылған.

Совет Үкметі АҚШ үкметінің осы ұсынысқа байланысты тез жауап бергені үшін оған алғыс айтар еді.

Москва, 19 апрель, 1955 жыл.

Елші Ч. Болен Совет-Австрия келіссөздерінің нәтижелері туралы Совет Үкметінен алған хабарды, сондай-ақ ССРО Үкметінің жоғарыда келтірілген нотасын өз үкметіне жедел хабарлайтынын білдірді.

Сол күні ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Великобританияның ССРО-дағы уақытша өкілі елші С. К. Парротт мырзаны, сондай-ақ Францияның ССРО-дағы уақытша өкілі Ж. Ле Руа мырзаны қабылдады және оларға ССРО мен Австрия арасындағы Москва келіссөздерінің нәтижелерін хабарлады.



баяндайды.

Осы қарапайым пәтерде Владимир Ильичке көптеген алдыңғы қатарлы жұмысшы-революционерлер — И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов және басқалары жетіп тұратын. Мұнда ол бұлармен шын ықпалмен салып ұзақ өңгімелесетін еді. Ленин жұмысшылар тұратын кварталдар мен заводтарға осыдан кететін. Петербург еңбекшілері сол кездің өзінде-ақ оны көсем деп білетін. Документтердің фотокапірмелері патша охранкасының сол кездің өзінде Лениннің соңынан жасырып бақылау қойғанын дәлелдейді.

...Нева машина жасау зауытының алып қоршауларының жанынан өткен әрбір адам жан-жағы қоршалған алаңда Ильичке орнатылған ескерткіштің жанына келіп сөзсіз тоқтайды. Бұрын Семьяников зауыды деп аталған осы зауытта 1894 жылдың аяғында ереуіл бүрк ете түсті. Владимир Ильич И. В. Бабушкиннің қатысуымен завод жұмысшыларына арнайы листовка жазды, бұл орыс марксистдерінің алғашқы үгіт листогі болды.

...Бірнеше жылдан кейін, 1905 жылдың күзінде Владимир Ильич Петербургке қайтып келді. Әр уақыттағыдай, ол оқушылардың нағыз қайнаған ортасында жүрді, сергек, іскер, қажымас қайратқа толы болды. Кәзір В. И. Ульяновтың (Лениннің) есімімен аталатын электротехникалық институттың қабырғаларында оның дауысы сол бір жылдарда талай рет естілген болатын. Осы оқу орнының ерекше бір архитектурамен күмбезделіп салынған үйінің алдыңғы қабырғасында мемориальдық тақта орнатылған. Тақтадағы текстіде мұнда Ленин студенттер үйірмесіне тарихи материализм жөнінен лекциялар оқыды делінген. Кейіннен елді электрлендірудің Ленин белгілеп берген данышпандық жоспарын жасауға және жүзеге асыруға белсене қатысу күрметі электротехникалық институт мамандарының үлесіне тиді.

Ленин эмиграциядан Россияға қайтып келгеннен кейін, 1917 жылдың көктемінен бастап ұлы көсем қызметінің ерекше қайнаған, ерекше маңызды петроградтық кезеңі басталады.

шылары Лениннің мәңгі өшпес сөздерін тыңдады. 1917 жылы 25/12 майда ол путиловшылардың көп мыңдаған адам қатысқан митингісінде сөз сөйледі. Көсемнің бейбітшілік үшін, өкметтің Советтер қолына көшуі үшін күресуге шақырған әрбір жалынды сөзін жұмысшылар құштарлана тыңдады. Ленин сөз сөйлеп болған соң жұрт оны қолдарына көтеріп әкетті, сойтып путиловшылардың үлкен тобы көсемді автомобильге алып барды, ал бұдан соң оны Нарва қаңдасына дейін шығарып салды.

Буржуазиялық Уақытша үкмет Ленинді тұтқына алуды әзірлеп жатқаны мәлім болғанда партия өзінің көсемін астыртын жұмыс істеуге көшірді. Владимир Ильич 24/11 июльде дейін қудалаудан 10-шы Рождественская, кәзіргі 10-шы Совет көшесіндегі жұмысшы С. Я. Аллилуевтің пәтерінде жасырылды, кәзір бұл үй музейге айналдырылған. Бірақ мұнда да көсемнің онан әрі қалуына хаушп туды. 25/12 июльге қараған түні И. В. Сталин және Я. С. Аллилуев жолдастар Ильичті қала төңірегіндегі шарғын темір жол станциясына шығарып салды. Бұдан Ленин Севастрополкіге жүріп кетті, онда жасырын жұмыс істеуші большевик-жұмысшы Н. А. Емельяновтың үйіне жасырынды. Бұдан соң Ильич Разливте орналасты.

...Лениннің Разлив көлінің арғы жағындағы күресі. Оны біздің елімізден тысқары жерлерде де біледі. Мұнда Владимир Ильич Уақытша үкметтің тыңшыларынан шалғышы ретінде жасырынды.

Кәзір жүздеген адамдар күн сайын осында келеді. Олар асфальтталған жолмен көлікпен және жаюу жүріп келеді; жолдың бір жағында қатып жатқан көлдің мұз айдыны, ал екінші жағынан — бұталар қараңдап көрінеді. Олар қызғылт қоңыр граниттен ойып жасалған ескерткіш-күркенің алдында аса зор құрмет көрсетушілікпен тоқтап тұрады. Гранитте мынадай сөздер жазылған:

«1917 жылдың июльде және августын

өлшемдер ұқсастығымен сақтауда.

...Кәзір еңбекшілер депутаттары Ленинград қалалық Советінің атқару комитеті орналасқан бұрынғы Маринский сарайының үйінде мемориальдық тақта орнатылған. Тақтаның текстынде 1917 жылы декабрьде В. И. Ленин Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі бюросының осында өткен мәжілісіне қатысып, банктерді национализациялау туралы өзі жазған декреттің жобасын ұсынды делінген. Академик В. Н. Образцов атындағы темір жол транспортының инженерлері институтының ғалымдары мен студент жастары Ленин аудиториясы деп аталатын үлкен аудиториялардың бірін ерекше сүйіспеншілікпен сақтауда. Онда 1918 жылы январьда теміржолшылардың Бүкілроссиялық Төтенше съезінде Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы Владимир Ильич баяндама жасады. Ленинградта және оның атраптарында ұлы көсемді еске түсіретін басқа жерлер де аз емес. Владимир Ильич Петроградта соңғы рет Дворцовая алаңындағы көп адам қатысқан митингте сөз сөйледі. Бұл 1920 жылғы 19 июльде, Таврия сарайында Коммунистік Интернационалдың II Конгресінің мәжілістері өтіп жатқан күндерде болған еді.

...Даңқты революциялық дәстүрлер қаласы — Ленинград еңбекшілері Владимир Ильичтің өміріне және қызметіне байланысты жерлердің бәрін асқан зор сүйіспеншілікпен сақтап келеді. Адамның жүрегіне өте қымбатты жерлерге күн сайын жүздеген экскурсияшылар барады, ал олардың арасында жер шарының көптеген елдерінен келген қарапайым адамдардың бейбітшілігі мен бақыты жолындағы күрескерлер бар. Жұмысшылар мен колхозшы әйелдер, ғалымдар мен Совет Армиясының және Флотының жауынгерлері, студенттер мен оқушылар мұнда асқан қасиетті жерлер деп келеді.

Мұнда олардың алдында уақыттың шегі өрісін кеңейтетін сыяқты, тірі Ленин тұрған сыяқты.

Ленинград, апрель, 1955 жыл.

**А. ВИНОГРАДОВ.**

дағы В. И. Лениннің образы» деген тақырыпта лекция оқылды. № 1 қалалық кітапхана көркем әдебиет кешін өткізеді. Онда Лениннің өмірі мен революциялық қызметі жөнінде баяндама жасалады. Владимир Ильич Лениннің сүйіп тыңдайтын әндері орындалады. Жамбылдың «Ленин мавзолейінде», Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» деген шығармаларынан үзінділер оқылады. Мұндай кештер қаланың басқа кітапханаларында да өткізілмек.

**А. ЛУЧНИКОВА.**

Олардың ішінде облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Новосельцев, Петропавл станциясының инженерлері Никулина, Галеев, Қызылөскер совхозының директоры Дәулетов, жерге орналас-тырушы инженерлер Мұхамедиева, Шишкарева, Краева, агроном Лысенко және басқалары бар.

Мектеп коллективі өткен оқу жылын табысты аяқтады. 10 классты 146 оқушы бітіріп, 17 оқушы алтын және күміс медальдармен наградалды. Олардың ішінен 106 оқушы жоғарғы оқу орындарында,

## Баяндамалар мен лекциялар

Облыс еңбекшілері Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуын зор қуанышпен мерекелеуде. ҚКП облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің 278 баяндамашылары мен лекторлары өнеркәсіп орындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, егіс бригадалары мен мал фермаларында В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуымен байланысты лекциялар мен баяндамалар оқып жүр.

Ленин күніне байланысты оқылған лекциялар мен баяндамалардың ішінде мынандай тақырыптар бар: «В. И. Ленин-

## АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАДА

Совет аудандық кітапханасы В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына байланысты И. В. Сталиннің «Ленин туралы» шығармасы жөнінде кітап оқушылар конференциясын өткізеді. Онда «В. И. Ленин Коммунистік партияны ұйымдастырушы», «В. И. Ленин ғылымның қорғайы» деген тақырыптарда аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі К. Тілеужанов, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі П. Хороль-

евеноларында Владимир Ильичтің өмірі туралы өңгімелер өткізіліп, жәрмелер ұйымдастырылып, пионер жыйындары өткізілуде.

Ұлы Лениннің есімін мақтанш ете отырып, мектеп коллективі оқу-тәрбие жұмысын бұрынғыдан да жақсартып береді. Олар жасөспірімдерді нағыз лениншілер етіп тәрбиелеу жолында өздерінің күш-жігерлерін аямайды.

**Р. ДӘУЛЕТКЕЛДИЕВА,**

қаладағы В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектептің директоры.

нің Коммунистік партияның теориялық негіздерін қалаушы», «СОКП тарихы — марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы», «Ауыр индустрияны бірінші кезекте әрдайым өркендетудің лениндік саясаты және партияның оны жүзеге асыру жолындағы күресі».

Бұл күндері қала мен аудандарда еңбекшілердің ұлы көсемнің туған күніне арналған салтанатты жыйналыстар өтіп жатыр. Мәдени-ағарту мекемелерінде, цехтар мен бригадалардағы және фермалардағы қызыл мүйістерде В. И. Лениннің өмірі мен қызметін баяндайтын арнаулы көрмелер ұйымдастырылды.

ский жолдастар баяндама жасайды.

Кітапханада Владимир Ильич Лениннің өмірі мен революциялық қызметі жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар жасалуда, өңгімелер өткізілуде. Кітапханада Ленин күніне арналып кітап көрмелері және фотовитриналар ұйымдастырылды.

**М. ДВОРЯНЧИКОВА,**

Совет аудандық кітапханасының меңгерушісі.

## ЛЕНИН ТІРІ

Ескі тосып,  
Шығады әр қашан да жаңа озып,  
Дейтін бар ғой  
Өмірдің шындығынан шыққан бір ой.  
Ал, патшалық  
Күні бітіп, қалтырап, тұрды талып,  
Дәл өрт шалған  
Кәрі емен секілді қурап қалған.  
Завод біткен  
Тоқтады, қаңтарылды, қалды істен.  
Тыр қалаңаш  
Сан миллион жұмыссыз сандалды аш.  
Не істеу керек?  
Жұмысшы тістемеді ашу көрнеп.  
Осы кезді  
Селт еткізді партия, Ленин сөзі.  
Менің елім,  
Азаптың бұғауынан —  
деді Ленин —  
Құтқаратын  
Өзінің бойындағы зор қуатың.  
Қару алып,

Қыйрат, ескі өмірді ойран салып  
Көрмей бұйым,  
Құлатып тозған, шірке патша үйін,  
Жұмысшы тап  
Орнатты Совет үйін қолдан мықтап.  
Жүрген жүзден,  
Шаруа күлді далада Ленин деп.  
Ленин берді  
Халыққа сенікі деп завод, жерді.  
Ал, соғысқа  
Жауапты ел атынан берді қысқа:  
Керек болса  
Тіршілікке ауа, су, сәуле сонша  
Бейбіт еңбек  
Өрлеу үшін тыйыштық уақыт керек.  
Ленин тірі.  
Ол әлемнің өмірлік айтар жыры.  
Бастап халқын  
Жарқыратып әлемге Ленин атын,  
Беледі айда  
Лениндік «Екінді бригада».  
**Әли МҰСАХАНОВ.**

сондай-ақ, де Руа мырзаға төрт жер жава Сыртқы істер министрінің Австрия қатыстырылған кеңесін шақыру туралы Совет Үкметінің АҚШ елшісі Болен мырзаға табыс етілген нота тексті сыяқты нота текетін табыс етті.

С. Б. Парротт мырза, сондай-ақ Ж. Ле Руа мырза Совет-Австрия келіссөздерінің қорытындылары туралы жоғарыда аталған хабарды және Совет Үкметі нотасының тексті өз үкметтеріне дереу беретінін мәлімдеді.

## Батыс Қазақстандағы егіс жұмыстары

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Облыста егіс жұмыстарының көлемі ұлғая түсуде. Жәнібек және Жаңақала аудандарының колхоздары мен МТС-тері ерте пісетін дәнді дақылдар егуде. Шыңғырлау ауданының егіншілері егіс жұмыстарына кірісті. Быйыл тың жерлер жырту есебінен мұнда егіс көлемі 45 мың гектар артады. Сулу жол МТС-нің 18 трактор бригадасы жұмысқа кірісті. Иванников, Конюхов, Габдулов жолдастар басқарған бригадалар «Красная звезда», «Марксизм», «Красный луч» колхоздарының егіс даласында ылғалдың бетін жабу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтады және бидай мен арпа егуге кірісті.

Чапаев ауданының «Красный уралец» колхозында алғашқы 100 гектар бидай егілді.

## Совхоздар ерте пар жыртуда

ШЫМБЕНТ, (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның совхоздары алғашқы бес мың гектар ерте пар жыртты. «Шымқорған», Тимирязев атындағы совхоздардың механизаторлары пар жыртуды жақсы ұйымдастырды. Олар егіс уақытында жауын-шашынды болған күндері шынжыр танды тракторларды пар жыртуға бөлді. Мұның өзі олардың басқа жұмыстарға нұқсан келтірместен-ақ пар жырту жоспарын облыста бірінші болып және мерзімінен бұрын орындауына мүмкіндік берді. Тимирязев атындағы совхозда 2.800 гектар жерде пар жыртылды. Пар жырту жұмысы онан әрі жүргізілуде.

## Аралда көктемгі балық аулау маусымы

АРАЛ, (ҚазТАГ). Солтүстік Аралда көктемгі балық аулау маусымы басталды. Ауа райының қолайлы бола бастағаны Буандария моторлы балық аулау станциясы кемелерінің және балық заводтарының теңізден балық аулауды көктемде әдеттегіден бұрын бастауына мүмкіндік берді. «Ұзынқайыр», «Ұялы», «Бөген», «Авань» балық заводтарының қабылдау пункттеріне көктемде ауланған алғашқы ондаған центнер сазан тапсырылды.



## Советтік мемлекеттік заемдар

Мемлекеттік заемдарға жазылудан мемлекеттік бюджетке түсетін қаржының Совет мемлекетінің басқа да финансы ресурстарымен бірге халық шаруашылығын үздіксіз арттыра беруге және еліміздің күшқуатын онан әрі нығайтуға жұмсалады. Сол сыяқты әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруда, су электр станциялары мен каналдар, жаңа фабрикалар мен заводтар, шахталар мен рудниктер, жаңа тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, демалыс үйлері мен санаторийлер салуда, ауыл шаруашылығын, еңбекшілердің мәдени және материалдық өл-ауқатын онан әрі өркендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыруда мемлекеттік заемдардың айтарлықтай орын алатынын да совет адамдары жақсы біледі.

Партиямыз бен үкметіміздің совет адамына деген қамқорлығы мемлекетіміз жүргізіп отырған әлеуметтік-мәдени шаралардан айқын көрінеді. Мәселен, ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясы бекіткен бұл шараларға арналған шығынның сомасы үстіміздегі жылы 146,9 миллиард сом болып отыр, бұл өткен жылы жұмсалған шығыннан 5 миллиард сом артық.

Партия мен үкметіміз бейбіт құрылыстарды жүргізе және бейбітшілік ісін дөйектілікпен қорғай отырып, сонымен бірге Совет мемлекетінің Қарулы Күштерін нығайтуға және Отанымыздың халықаралық қамтамасыз етуге үнемі қамқорлық жасап отырады. 1955 жылдың бюджетінде Отан қорғау мақсатына жұмсалатын қаржы 112,1 миллиард сом мөлшерінде қарастырылып отыр.

1955 жылдың мемлекеттік бюджет қаржысының едәуір бөлігі халық шаруашылығын қаржыландыруға — ауыр индустрияны өркендетуге 101,2 миллиард сом, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге 55 миллиард сом жұмсалатын болады.

Совет мемлекетінің бюджеті жылдан-жылға кірісі шығысынан едәуір артық болып орындалып келеді. Мемлекеттік бюджетке түсетін кірістің шегісі сомасы — 497,3 миллиард сом социалистік халық шаруашылығынан түсетін кіріс пен қордан түседі.

Сол сыяқты советтік заемдар мемлекеттік бюджеттің қосымша көзі болып саналады. 1955 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы заңда мемлекеттік заемнан түсетін кіріс сомасы 30,5 миллиард сом мөлшерінде қарастырылып отыр.

ССРО-да мемлекеттік заемдар шын мәніндегі халықтық заем болып табылады. Ол халық мүдделерін көздейді. Мемлекеттік заемдардан және социалистік кәсіпорындардан түсетін қаржыға ССРО-да өнеркәсіптің жаңа салалары — станок, трактор, автомобиль жасау өнеркәсіп орындары, Магнитогорск және Кузнецк металлургия комбинаттары құрылды және өркендетілді, Днепр СЭС-і, Ростсельмаш, Уралмаш және жүздеген басқа да социалистік кәсіпорындары салынды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында советтік заемдар жауды жеңу ісіне үлкен үлес қосты. Соғыс жылдары ішінде заемдар бойынша мемлекеттік бюджетке түскен қаржының сомасы 76 миллиард сом болды. Соғыс заемдарына жазылу әрқашан да совет адамдарының асқан зор патриоттық өрлеуі жағдайында өтіп отырды.

Советтік мемлекеттік заемдар соғыстан кейінгі жылдарда ССРО-ның халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету жөніндегі шараларға жұмсалатын қаржының негізгі қосымша бұлағы болды. Төртінші бесжылдықта заемдар бойынша мемлекеттік бюджетке 132,9 миллиард сом қаржы түсті. 1951 жылы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемы 30 миллиард сом болып шығарылып, 34,5 миллиард сом болып таратылса, 1952 жылы еліміздің қалалары мен деревня еңбекшілері 35,7 миллиард сомның мемлекеттік заеміне жазылды.

ССРО мемлекеттік бюджетінің негізгі кірісі болып саналатын социалистік кәсіпорындарынан жыйналатын ақша қаражатының үздіксіз өсуіне байланысты. Бұл заем да белгіленген сомалан едәуір көп таратылды.

Біздің елімізде еңбекшілердің мемлекеттік заемдардан ұтыс ретінде алатын кірісі де едәуір артты. Бұған дәлел ретінде 1952-1953-1954 жылдар ішінде ғана еңбекшілерге 27,5 миллиард сом ұтыс төленгендігін айтудың өзі жеткілікті.

Совет заемын ұстаушылар еңбекшілердің өздері болып саналады, ал мемлекет халықтың еркін орындай отырып, мемлекеттік заемдардан түсетін қаржыны социалистік қоғамның үздіксіз өсіп отырған материалдық және мәдени талаптары орындау мақсатына өнімді пайдаланады.

**Ғ. САЛИХОВ,**

Соколов аудандық финансы бөлімінің менгерушісі.

## ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ

ПЕКИН, 19 апрель. (СОТА). Қытай халқы бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуын кеңінен атап өтуге әзірленуде. Қытай-совет достығы қоғамның бөлімшесі партия және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, бұл елеулі датаға байланысты көптеген шаралар жүргізуді белгілеп отыр. Қытай-совет достығы қоғамы «Ленинді еске сақтап, одан үйренейік» деген әшекейленген кітапшаларды көп тиражбен басып шығаруда, оларда В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметі және оның бүкіл дүние жүзінде алғашқы социалистік мемлекет құрудағы ролі туралы айтылады.

Қытай-совет достығының орталық бөлімшесі Ленин күні қарсаңында жергілікті жердегі баяндамашылар мен насихатшыларға көмек ретінде В. И. Лениннің өмірі мен қызметі және оның ілімі туралы көптеген кітапшалар жіберді.

Елдің барлық қалаларында, сол сыяқты селолық аудандарында В. И. Лениннің марксистік партияны құрудағы, пролетариаттың саяси өкметті жеңіп алуындағы, Совет Армиясын құрудағы, социализм құрылысындағы аса ірі еңбектері туралы Лениннің ілімінің дүние жүзі пролетариаты үшін зор ролі туралы, бұл ілімнің Қытай революциясы үшін зор маңызы барлығы туралы айтылып отырғандары ұйымдастырылған. Кітапханаларда оқушылар конференциялары өткізіліп, оларда В. И. Лениннің шығармалары талқылануда.

21 және 22 апрельде ҚХР-дің қалалары мен селоларында В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты жыйналыстар өткізіледі. Бұл күндері кинотеатрларда қытай тіліне аударылған кинофильмдер: «Ленин октябрьде», «Ленин 1918 жылы», «Мылтықты адам», «Яков Свердлов» және документті кинофильм «Владимир Ильич Ленин» көрсетілетін болады.

Ленин күндерін атап өте отырып, қытай баспасөзі Ленин туралы, социализм мен коммунизмді құру жолындағы Лениннің ілімінің маңызы туралы көптеген мақалалар мен корреспонденциялар жариялауда. Бірсыпыра газеттер В. И. Лениннің өмірі мен қызметін көрсететін фотосуреттер жариялаған.

## БОЛГАР ЕҢБЕКШІЛЕРІ В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ

СОФИЯ, 19 апрель. (СОТА). В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуымен байланысты, кеше болгар астанасының Червенков ауданында салтанатты көш өткізілді. Болгар-совет қоғамы одағы Орталық Советінің сөзінше, Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты көш өткізілді. Болгар-совет қоғамы одағы Орталық Советінің сөзінше, Лениннің туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты көш өткізілді.

## Азия мен Африка елдерінің конференциясы

БАНДУНГ, 18 апрель. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін таңертең Индонезияның Бандунг қаласында Азия мен Африка елдерінің конференциясы ашылды, оған Азия мен Африканың 29 елінің үкметтерінен 340-қа жуық делегат қатысуда. Делегациялардың көпшілігін премьер-министрлер немесе сыртқы істер министрлері басқарып келді.

Конференцияның ашылуында Индонезия Республикасының президенті мен вице-президенті, Индонезия үкметінің мүшелері, Индонезия парламентінің председатели, Джакартадағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, баспасөз өкілдері болды.

Конференцияны Индонезия Республикасының президенті Сукарно ашты. Өзінің сөзінде Сукарно конференцияның «түсті халықтардың адамзат тарихындағы тұңғыш континентаралық конференцияның» тарихи маңызын атап көрсетті. Ол Азия халықтарының көптеген ұрпақтар бойы барлық праволардан жұрдай халықтар болып келгенін еске салды.

«Бізді елемеді,—деді ол,—біздер, Азияның халықтары үшін басқалар, өз мүдделері анағұрлым басым болғандар қарарлар қабылдап келді, біз кедейлікте және қорлықта өмір сүріп келдік». «Соңғы бір кеше жылдың ішінде,—деп мәлімдеді Сукарно,—орасан зор өзгерістер болды. Халықтар мен елдер ғасырдан бергі ұйқысынан оянып. Сыртқы пішіні енжар көрінген халықтар дүниежүзілік аренада қыймыл жасай бастады да, тыныштықтың орнына күрес пен белсенділік келіп орнады. Екі континентті жеңілмеу күштер қамтыды. Бүкіл дүние жүзінің психикалық, рухани және саяси бейнесі өзгерді, міне бұл процесс әлі аяқталған жоқ. Дүние жүзінің барлық жерінде жаңа жағдайлар, жаңа ұғымдар, жаңа проблемалар мен жаңа идеялар туып отыр. Жер үстінде ұлттардың санасын оятқан және қайта тудырған дауылдар болып етті, бұл дауылдар жер бетін шайқалтып, өзгертті және жақсылыққа қарай әлі де өзгертуде».

Индонезия президенті былай деп атап көрсетті: конференцияға қатысып отырған елдердің көптеген ортақ мүдделері бар, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға және баянды етуге берік бел байлаған ортақ жігері бар.

«Біздер үшін,—деді Сукарно бұдан кейін,—отаршылдық алыстағы бірдеңе емес. Біз оның бүкіл мейрімсіз қаталдығымен танысып. Біз оның адамдарға қандай орасан зор зиян келтіргенін, қандай қайыршылыққа әкеліп соқтыратынын және тарихтың даусыз дамуы алдында оның сайып келгенде амалсыздан кейін шегінуіне тура келетін кезде қандай мұра қалдырып кететінін жердік. Менің

деп жиі айтылып жүр. Біз бұған алдынып немесе жайбарақаттаншып қалмайық. Мен сіздерге отаршылдықтың әлі құрымағанын айтып отырмын. Азия мен Африканың орасан үлкен аудандары әлі де еркін болмай отырғанда, біз отаршылдық құрыды деп қалай айта аламыз».

Соғыстың қатері туралы айта келіп, Сукарно былай деп атап көрсетті: соғыс бүкіл адамзат үшін аса күшті қайғылы апат болар еді және Азия мен Африканың көптеген елдерінің осыншалық көп құрбандықтар жасау арқылы жеңіп алған тәуелсіздігіне қатер төндірген болар еді.

Индонезия президенті конференцияға қатысушыларды «Азия мен Африканың бейбітшілікті жақтап отырған барлық рухани, моральдық және саяси күштерін жұмылдыруға», «біздің соғысты емес, бейбітшілікті жақтап отырғанымызды және біздің қарамағымыздағы барлық құралдардың бейбітшілікті нығайту үшін әрқашан да пайдаланылатынын» көрсетуге шақырды.

Сукарно сөзінің қорытындысында конференция жұмысының табысты болуына тілектестік білдірді.

Бұдан кейін конференцияның председатели сайланды. Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Эн-лай қолдаған Египеттің премьер-министрі Насердің ұсынысы бойынша, конференцияның председатели болып Индонезияның премьер-министрі Састроамиджойо бірауыздан сайланды.

Конференцияның председатели болып сайлануымен байланысты сөз сөйлеген Састроамиджойо былай деп атап көрсетті: Азия мен Африка елдерінің конференциясын шақырудың басты себебі дүниежүзілік бүліншілік соғысқа ұласу қатерін төндіріп отырған халықаралық жағдайдағы күшті шиеленістен туды.

Азия мен Африка халықтарының бейбітшілікті жақтап отырғанын мәлімдеп, Индонезияның премьер-министрі делегаттарды халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету, адамзатты «үрейленуден және күдіктенуден» азат ету үшін мүмкін болған шаралардың бәрін қолдануға шақырды. «Мұның қажетті шарты,—деп мәлімдеді Састроамиджойо,— саяси, әлеуметтік және діни көзқарастардың қандай екеніне қарамастан, бір-бірінің ұлттық суверенитеті мен территориясының тұтастығын өзара құрметтеу, агрессияны айыптау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік принциптері негізінде тағу көршілік қатынастарды қолдауға әзір отырғандық және берік бел байлағандық болып табылады».

Конференцияның міндеттері туралы айта келіп, Састроамиджойо Азия мен

елдерін осы ұйымға енгізу проблемасын реттеуге әрекет жасау міндеті біздің алдымызда тұр».

Састроамиджойо бұдан кейін былай деп атап көрсетті: «Көзіргі шиеленістің басты себептеріне отаршылдық жатады, ол Азия мен Африканы көптеген ғасырлар бойы азаптап ұшыратып келген ескі кесел болып табылады. Бұл мәселеге біз ерекше көңіл бөлеміз. Адамзаттың көп бөлігінің отаршылдықты өткен дәуірдің құбылысы деп санауы мүмкін, бірақ отаршылдық көзір де іс жүзінде өмір сүріп отыр».

«Шиеленістің басқа бір елеулі себебі, отаршылдыққа қоса нәсілшілдік болып табылады. Әрқашан да болмағанмен, көп жағдайда нәсілшілдік үстем топтың асымдылық сезіміне негізделген отаршылдықтың бір түрі болып табылады. Бірақ адам түстерінің айырмашылығына негізделген кемсітушілік Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставында әділ көзделген барлық адамдардың негізгі адамгершілік праволары мен теңдігіне қайшы келеді... Мен осы конференция нәсілшілдіктің әртүрлі құбылыстарының проблемасын талқылауды өзінің борышы деп санайтынына сенемін».

Азия мен Африка елдерінің «экономикалық тәуелсіздікке жетуде» қандай қиыншылықтарға кездесіп отырғанын атап көрсетіп, Састроамиджойо бұл елдердің арасында экономикалық салада тығыз ынтымақ жасауға, сөйтіп, «бір-бірінен үйренуге, бір-біріне көмектесуге, бұл ауданда сауданы ұлғайту жолдары мен құралдарын табуға, осының нәтижесінде экономика жағынан бірте-бірте тәуелсіз бола бастауға» шақырды.

Конференцияны алудың ресми салтанаты Састроамиджойоның сөзімен аяқталды, содан кейін конференцияға қатысушылар мәжілісті онан әрі жабық өткізе бастады.

БАНДУНГ, 18 апрель. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін күндіз Азия мен Африка елдерінің конференциясында ашық пленум мәжілісі болып, онда жұмыс тәртібі мен күн тәртібі бекітілді.

Мәжілістің бас кезінде председателдік етуші Индонезияның премьер-министрі Састроамиджойо мынаны хабарлады: делегациялардың басшылары мынадай мәселелерді күн тәртібіне енгізуді пленум мәжілісіне ұсынуға жабық мәжілісте келісті: 1) экономикалық ынтымақ; 2) мәдени ынтымақ; 3) адамның праволары және өзін-өзі билеу правосы; 4) тәуелді халықтардың проблемасы; 5) бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті және ынтымақтасуды қамтамасыз ету.

Састроамиджойо сонымен бірге былай деп хабарлады: делегациялардың басшылары ашық мәжілістерді де, жабық мәжі-

## Педагогикалық озат тәжірибелерді кеңінен насихаттайық



ды қорытындылап, озат тәжірибелерді насихаттаудың бір түрі — «педагогикалық оқулар» өткізу — жыл сайын кең өріс алуда. 1951-52 оқу жылында аудандық «педагогикалық оқуларда» 69 баяндама, облыстық «педагогикалық оқуларда» 33 баяндама тыңдалған болса, үстіміздегі оқу жылында аудандар бойынша 126, облыстық «педагогикалық оқуларда» 57 баяндама тыңдалды. Сол сыяқты, республикалық, орталық «педагогикалық оқуларға» іріктеліп алынған баяндамалардың саны да көбеюде. Өткен жылы республикалық «оқуларда» облысымыздың 18 оқытушысы, Москвадағы орталық «оқуларда» 4 оқытушы баяндама жасады.

«Педагогикалық оқуларды» жыл сайын өткізіп отыру облыс мұғалімдерінің дәстүріне айналды, олардың өздері қызықты тың тақырыптар көтеріп отырады. «Педагогикалық оқуларда» мұғалімдердің жұмыс тәжірибелері туралы баяндамаларын тыңдау, оны қалың көпшіліктің талқысына салу, таңдаулы деп табылған баяндамаларды жеке кітапша етіп шығару педагогикалық озат тәжірибелерді кеңінен насихаттауға мүмкіндік беруде. Мәселен, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен педагогикалық ғылыми-зерттеу институты облысымыздағы халық-ағарту орындары қызметкерлерінің 15 баяндамасын жеке кітапша етіп басып шығарды. Мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институты облыс мектептері үшін соңғы 5 жылдың ішінде қырыққа жуық баяндамалар жазды. Кейбір аудандарда «педагогикалық оқуларда» тыңдалған баяндамалар «жұмыс тәжірибелерінен» деген атпен жыйнақталып, мұғалімдердің пайдалануына берілуде.

«Педагогикалық оқуларды» ұйымдастыруда және озат педагогикалық тәжірибені насихаттауда облыс халық-ағарту орындарының едәуір тәжірибесі бар. Октябрь, Соколов аудандық оқу бөлімдері бұл жұмысты бірнеше жыл бойы үзбей жүргізіп келеді.

Октябрь аудандық оқу бөлімі мұғалімдердің баяндамаларын облыстық «педагогикалық оқуларға» ұсыныстан бұрын мектептерде, әдіс ауыстыру бірлестіктерінде

Баяндама аудандық «оқуларда» жақсы бағалғаннан кейін және сын-ескертпелерге байланысты байқалған кемшіліктер түзетілген соң ғана ұсынылды. Соның нәтижесінде ұсынылған баяндамалардың сапасы жақсарып, олардың көпшілігі жақсы баға алды. Сол сыяқты, қала мектептерінен түскен баяндамалар да құнды шықты.

Быйылғы болып өткен «педагогикалық оқуларда» ерекшелігі сол, онда оқылған баяндамалардың тақырыбы оқу-тәрбие жұмыстарының әр саласын қамтыды. Мұның өзі облыс мектептерінің политехникалық оқуға, еңбек тәрбиесіне баса көңіл бөле бастағандықтарын көрсетеді. Бұл тақырыптағы баяндамалардың ішінде Ленин ауданындағы Петровка жетімдік мектебінің мұғалімі Леванов пен осы мектептің оқытушысы Семенихиннің баяндамаларын атап айту керек. Бұл баяндамаларда тәжірибе алаңы мен мастерскойдағы оқушылармен жүргізуге болатын саналуан жұмыстар жайында жақсы айтылған.

Мұндай игі нәтижелермен бірге мұндай маңызды жұмыста әлі де кейбір кемшіліктерге жол берілуде. Кейбір аудандық оқу бөлімдері іріктеліп алынған баяндамалардың құндылығына көңіл бөлмейді. Соның салдарынан дайындалған баяндамалардың сапасы төмен. Ал, кейбір мұғалімдер өз тәжірибелерін жазудың орнына газет-журналдарда жарияланған материалдарды көшіріп алған. Мұндай жағдай Совет ауданында кездесті. Оған облыстық «педагогикалық оқуларға» ұсынылған баяндамалардың бірде-бірінің жаңамай қалуының өзі-ақ дәлел бола алады. Конохов ауданында «педагогикалық оқуларда» мүлде өткізілмейді.

Оқу бөлімдері мен мектеп басшылары педагогикалық озат тәжірибені облыс мұғалімдері арасында кеңінен насихаттауға, сөйтіп, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға үнемі көңіл бөліп отыруы тиіс.

**В. КАЛИНИН,**  
мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институтының директоры.

## «ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

### «Көктем найқалуды көтермейді»

Газетіміздің үстіміздегі жылғы 9 апрельдегі номерінде осы тақырыпта жарияланған мақалада Булаев ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелиннің көктем өсісіне нашар дайындалып отырғаны сыналған болатын. Бұл мақала жөнінде ҚШ Булаев аудандық комитетінің секретары С. Имаков жолдас редак-

цияға мынаны хабарлады: Мақала ең алдымен бастауыш партия ұйымының, содан кейін колхозшылардың жыйналысында талқыланып, онда көрсетілген фактілер толық анық деп табылды және көктем өсісіне дайындықты дереу сапалы аяқтауды қамтамасыз етуге бағытталған нақтылы шаралар белгіленді.

деп баяндама жасады. Бұл сыяқты жыйналыстар басқа аудандарда да, Софияның және басқа да қалалардың кәсіпорындары мен мекемелерінде өткізілуде.

Болгар баспасөзі ұлы Ленинге арналған көптеген материалдар жариялауда.

Болгар телеграф агенттігінің хабарлауына қарағанда, Софияда бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан жосемі және ұстазы В. И. Ленинге ескерткіш орнатуға әзірлік жасалуда.

### СОҒЫС ШЫҒЫНДАРЫ ТУРАЛЫ АМЕРИКАН-ЖАПОН КЕЛІССӨЗДЕРІ

НЬЮ-ЙОРК, 19 апрель. (СОТА). Екі ай бойы Токиода Жапония мен АҚШ өкілдерінің арасында Жапониядағы америкалық әскерлеріне жұмсалатын екі жақтың шығындары туралы мәселе жөнінде келіссөздер жүргізілді. Бұрын белгілі болғанындай, бұл келіссөздер жапон үкіметінің шығынның жапондық үлесін жылына 20 миллиард ыенге азайту жөніндегі өтінішіне байланысты басталған болатын.

Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарай отырғанындай, Құрама Штаттар келіссөздердің қорытындысында жапондық үлесті азайтуға келіскен. Алай да, келіссөздердің барысында екі жақтың қолы жеткен келісімде босатылған қаржыны Жапонияның өзінің қарулы күштерін арттыруға жұмсауға тиіс болатындығы қарастырылған. Жапония тұтасымен алғанда «қорғаныс» үшін жұмсалатын қаражатты үстіміздегі жылы 12,5 миллиард ыенге көбейтуге тиіс. Жапония бұл қаражатты америкалық әскерлерінің немесе американдар мен жапондардың бірлескен бақылауындағы аэродромдар мен басқа да соғыс объектілерін жетілдіруге жұмсауға тиіс.

ШАНХАЙ, 19 апрель. (СОТА). Токио радиосының хабарлауына қарағанда, Жапонияның солшыл және оңшыл социалистік партиялары америка-жапон келісімін сынаған. Солшыл социалистік партияның мәлімдемесінде Жапонияға қару-жарақ өндірудің ауыр ауыртпалығы жүктеледі деп атап көрсетілген. «Демек, үстіміздегі жылдың бюджеті дефляция бюджеті, соғыс мақсаттарына арналған бюджет болып табылады, — деп көрсетілген мәлімдемеді».

Оңшыл социалистік партияның мәлімдемесінде былай делінген: жүргізілген келіссөздер жапон-америкалық өкілшілік келісімі өзінен кейін Жапонияның ішкі істеріне АҚШ-тың араласушылығын туғызатындығын халыққа айқын көрсетіп берді. Екі партияның да мәлімдемелерінде аталған келісімді қайта қарау жолындағы ұлттық қозғалысты өрістетуге белгіленіп отырғандық айқарылады.

теген елдерінің халықтары осының бәрін өз тәжірибесінде бағынан кешірді.

Біз өз елдеріміздің барлық бөлшектері көзiрiн өзiнде азат етiлдi деп әлi айта алмаймыз. Кейбiр аудандарда әлi күнге дейiн адамдар қамшының астында еңбек етуде. Азия мен Африканың осында өкiлдерi қатыспай отырған кейбiр аудандары әлi күнге дейiн осындай жағдайда өмiр сүруде. Бізге: «отаршылдық құрыды»

## Австрия Министрлер Советінің мәжлісі

ВЕНА, 19 апрель. (СОТА). Бүгін Австрия Министрлер Советінің мәжлісі болды. Бүгінгі мәжіліс жөніндегі ресми мазмұндамада, атап айтқанда, былай делінген: Федералдық Банцлер Рааб Австрия Үкмет Делегациясының Москваға

барған сапары туралы және келіссөздердің нәтижесі туралы тыңғылықты баяндама жасады. 25 апрельде парламенттің бас комитетіне нақтылы баяндама тапсырып, екі палатаның 27 апрельде бо-

конференцияның барысы туралы баспасөз үшін күн сайын мазмұндама жариялануы туралы тиіс, ал конференцияның қорытындысында қорытынды мазмұндама жариялануға тиіс.

Күн тәртібі бірауыздан мақұлданды. Осыдан кейін жалпы дискуссия басталды. Камбоджаның, Цейлонның, Египеттің, Алтын Жағалаудың, Иранның және Ирактың делегаттары шығып сөйледі.

латын бірлескен мәжілісінде тиісті мәлімдеме жасауға ұйғарылды.

Ішкі Істер Министрі Гельмер үкмет мүшелері атынан делегация мүшелеріне алғыс айтты.

## Саарда Франция мен Батыс Германияның арасындағы экономикалық қайшылықтың шиеленісуі

ПАРИЖ, 19 апрель. (СОТА). Француздың саяси және кәсіпкер топтары Саарда Франция мен Батыс Германияның арасындағы экономикалық қайшылықтың бұдан әрі де шиеленісе түскеніне абыржуа.

Бұрын хабар етілгеніндей, Батыс Германия монополиясының Саардың ең ірі өнеркәсіп орындарына ие болып алып, соның нәтижесінде бұл облыста экономикалық және саяси жетекші позицияға ие болғылары келетін айқын анықталған әрекеттері бұл топтарда зор хауіптенушілік туғызып отыр. Сонымен бірге, француз капиталистері өздерін Батыс Германия фирмаларының Саар рыногына айдап шығып, онымен де қоймастан Саарды француздың ішкі рыноктарына ие болу

үшін баспалдақ ретінде пайдаланғысы келетін әрекеттерінен елеулі түрде тынышсыздандуа.

Француз кәсіп иелерінің өзарақастарын бейнелейтін «Юзин Нувель» журналында бұл әрекеттер жөніндегі кейбір мәліметтер жарияланған. Істің мәні мынада болып отыр: 1950 және 1953 жылдардағы француз-саар экономикалық конференциясында Саардан өнеркәсіп өнімдерін Францияға өркін әкелуге рұқсат етілген болатын. Егер бастапқы кезде бұл принцип француз өнеркәсіпшілерінің (бұлар сонымен бірге өз өнімдерін де Саарға өркін әкелетін еді) мүдделеріне сәй келген болса, енді, неміс товарларының Саарға барған сайын көбірек өтіп отырғандығы салдарынан, мұның өзі француздық эко-

номикалық позицияны тек Саарда ғана емес, сонымен бірге Францияның өзінде де күйретуге қатер төндірді.

Бұл сыяқты жағдайға Мейтін, Страсбургтің және Францияның басқа да бірнеше қалаларының сауда палаталары қатты нарасылық білдіруде. Олар француз үкметіне бірлескен хат жолдап, Батыс Германия товарларының Саарға әкелінуіне шек қоюды талап еткен. Хатта одан әрі былай делінген: бұлай болмаған жағдайда, француз экономикасының кейбір салаларына «ажалды соққы» тиетін болады.

Редактордың орынбасары  
**Ғ. НҮРМОЛДИН.**

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДАЛА ҚЫЗЫ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 11-де басталады.

«ВЫБОРГ ЖАҒЫ»

Сеанс кешкі сағат 9-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

АДАЛДЫҚҚА СЫН

Сеанстар кешкі сағат 5, 7 және 11-де басталады.

«ЛЕНИН 1918 ЖЫЛДА»

Сеанс кешкі сағат 9-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петровен көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретарнат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.